



Дана БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ



№4 (40)
2024



Дана БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 4 (40), 2024

Құрметті оқырман!

Тарихта алтын әріптермен жазылып, тағы бір жыл қолын бұлғап артта қалуда. Бір жылдың ішінде қаншама айтулы оқиғалар, ерекше жағдайлар, қызықты кезеңдер орын алды. Өткен жылда «Дана бала» журналы педагогтер қауымы үшін, мектепке дейінгі білім беру саласында тың жаңалықтар, шығармашылық идеялар, іс-тәжірибелерден туындаған ғылыми, әдістемелік, ақпараттық мақалалар ұсынды.

Республика бойынша «құзыреттілік орталықтары» аудан орталықтарында, ауылды жерлерде көптеп ашылып, олардың саны 200-ге жуықтады, ал мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылмаған ата-аналар үшін консультациялық пункттер саны 5000-ға жетті. «Құзыреттілік орталықтары» жаңа технологияны енгізу мен озат тәжірибені таратудың кәусар бұлағына айналып, мектепке дейінгі сапалы білімге қол жеткізуге кеңінен мүмкіндік беріп отыр.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру саласының әдістемелік негіздері жас ұрпақтың зердесін оятып, қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарына, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке баулуға негізделген мектепке дейінгі баланы жан-жақты дамытудың жаңа заман талабына сай мүмкіндіктерін ашуды көздейді.

Тәуелсіздіктің тал бесігінде тербеліп, қыран құсы қалықтаған Жаңа Қазақстанда өсіп келе жатқан кішкентай тәрбиеленушілеріміздің балалық шағы жарқын болуы үшін, педагогтер қауымы ерен еңбектерін аянбай ұсынуда.

Еліміздің дамуы, жас ұрпақты тәрбиелеу жолында аянбай еңбек атқарып жүрген барша педагогтерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Мектепке дейінгі білім берудің дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық игі бастамаларыңыз сәтті болсын! Шығармашылық ізденістер мен ғылыми жаңалықтарыңыз арта түссін. Әрбір педагогтың қажырлы еңбегінің арқасында мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтің сапасына қол жеткізіп, Еліміздің туы көкте қалықтап, ынтымағы жарасқан ел болайық!

Жаңа жылда Сіздерге зор денсаулық, шаңырақтарыңызға шаттық, бақыт, береке-бірлік, еңбекте толағай табыс тілеймін!

*Құрметпен,
«Балаларды ерте дамыту институты» директоры
Ерманова Мария Наятовна*

Республикалық ғылыми-ақпараттық, әдістемелік журнал құрылтайшысы:
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы

Бас редактор *Ерманова Мария Наятовна*

ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры

Редакция алқасы *Мукушева Гульнара Омарбековна*
Хаменова Мария Олжабаевна
Абдульдинова Айзель Алибековна
Копбаева Нурсая Бакытовна

Мектепке дейінгі білім беру мазмұны зертханасының мамандары

Техникалық редакторлар *Полатов Берик Байдуллаевич,*
Кенжеахметов Олжас Сеитович

«Мониторинг және талдау» департаментінің мамандары

ДАНА БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын,
ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлігі.
Алғашқы есепке алу кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 21.07.2014, 14471-Ж



МАЗМҰНЫ

Содержание

ТІЛГЕ БОЙЛАУ ТІЛГЕ БОЙЛАУ

«Тілге бойлау» жобасы мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйрету Ерманова М.Н.	6
Қазақ тілі балабақшаларда: балалардың тілді үйрену жолдары мен әдістері Рахметова С.З.	9
Өзге ұлт балаларын қазақ тіліне үйрету: «Тілге бойлау» жобасының іске асуы, тәжірибе мен нәтижелер Тайгушкарлова Р.Ж.	12

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ ТӘЖІРИБЕСІ ПРАКТИКА ЦЕНТРОВ КОМПЕТЕНЦИЙ

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру Тажиева М.Р.	15
Формирование музыкальной культуры воспитанников посредством прослушивания кюев Калиева К.А.	19

МАМАНДАР КЕҢЕС БЕРЕДІ СПЕЦИАЛИСТЫ СОВЕТУЮТ

Мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балаларға инклюзивті білім беру қажеттілігі Мухамбетова Ж.И.	22
Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда ұлттық ойындардың тиімділігі Байғанышева Ж.С.	25
Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беру Турхаева Г.О.	28
Организация работы с детьми с ООП в группах детского сада Данилова Е.В.	31
Психологическая коррекция детей с «особыми» образовательными потребностями Жагапарова Ж.Ш. Цыганаш Г.С.	33
Дизайн-мышление в организации образовательного пространства дошкольной организации Костенко О.В.	37

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ ИННОВАЦИЯ И ОПЫТ

Пропс карталарын қолдана отырып модельдеу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстыра сөйлеуін дамыту Кульжанова Э.Б., Жамантқова А.М. Курманкулова А.А.	41
--	----

Мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалдық қабілеттерін steam технологиясы арқылы дамыту Көшен Қ.С.	45
Әлеуметтік-ойын технологиясын қолдану арқылы балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту Мухиденова Ж.А., Аршкенева С.А.	48
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттырудағы халықаралық тағлымдаманың маңыздылығы Тумаева Р.Қ.	52
Искусственный интеллект в эпоху цифровой трансформации: возможности для дошкольного образования Кошанова З.А., Шагиева Н.Н.	55
Информационные технологии и цифровизация в детском саду Умарова А.Т.	59
Развитие исследовательских способностей детей через цифровизацию Аргаткина Г.Г., Мальцева О.С.	63
Использование фитнес – браслетов с искусственным интеллектом на занятиях ЛФК для детей 5-6 лет с особыми образовательными потребностями Дегтярева Т.О.	66

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ НАШ ДЕТСКИЙ САД: МЫ ПРЕДЛАГАЕМ

Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу-білім беру процесіне Н.А. Зайцев әдістемесін енгізудің тиімділігі Сейлгазинова С.А.	69
Социализация ребенка в дошкольной организации Жаксылыкова А.Ж.	73

ПЕДАГОГТЕР СІЗДЕР ҮШІН ДЛЯ ВАС ПЕДАГОГИ

Ойын арқылы балалардың сөздік қорын дамыту Амеркулова У.Е.	75
Білім беру және оқыту технологиялары: балабақшадағы инновациялар Бейсенбаева С.К.	78
Бақытқа толы мамандық Жұманбай К.	81
Дәстүрден тыс сурет салу әдістерінің бірі-арт-терапия Калькулова Д.М.	84
Мектеп жасына дейінгі баланың өміріндегі ойын әрекетінің маңыздылығы Махамбетова М.И.	86
Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру Бахбергенова Г.Д.	88



ДАНА БАЛА

Негізгі тақырыптық бағыты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы бойынша озық идеялар мен тәжірибелерді тарату, педагогтер мен ата-ана қауымына ақпарат түрінде әдістемелік көмек көрсету

Основная тематическая направленность

Распространение передовых идей и опыта в области дошкольного воспитания и обучения, оказание методической помощи педагогической и родительской обществу в виде информационного материала



<i>Ата-аналармен өзара әрекеттесу кезінде балабақша мамандарының құзыреттерін дамыту</i> <i>Динтаева А.И.</i>	91
<i>Мектеп жасына дейінгі балалардың Ұсақ қол моторикасын дамыту ойындары</i> <i>Купиярова М.С.</i>	94
<i>Цифровизация современного дошкольного образования: основные проблемы и перспективы развития</i> <i>Байболова В.Е.</i>	96
<i>Роль коммуникативных игр для развития эмоциональной сферы ребенка</i> <i>Бер А.К.</i>	99
<i>Геймбук «Веселые приключения инжу» как средство всестороннего развития детей дошкольного возраста</i> <i>Ефремова К.К.</i>	103
<i>Игровые технологии ознакомления детей дошкольного возраста с музыкальной культурой Казахстана</i> <i>Сладкова Л.В.</i>	106
<i>Сюжетно-игровые танцы с элементами логоритмики, как средство развития творческих способностей и речи, детей 4-5 лет</i> <i>Мейдер М.В.</i>	111
<i>Использование технологии триз, как фактор развития интеллектуальных способностей детей дошкольного возраста</i> <i>Фетисова А.А.</i>	116
<i>Удивительные исследования в детском саду</i> <i>Космина В.С.</i>	121

АТА-АНАЛАРМЕН СЕРІКТЕСТІК СОТРУДНИЧЕСТВО С РОДИТЕЛЯМИ

<i>Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін үй жағдайында дамытуға арналған ойындар</i> <i>Махашева Г.Б.</i>	124
<i>Мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшаға жеңіл әрі тиімді бейімдеу жолдары</i> <i>Алдабергенова Н.Е.</i>	128

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ

<i>Мектеп жасына дейінгі балаларды гончарлы шеңберде құмыралар жасауға үйрету арқылы – ұлттық құндылықтарды насихаттау</i> <i>Бимашева Г.Б.</i>	132
<i>Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін ұлттық құндылықтар арқылы дамыту</i> <i>Сагитова С.К.</i>	136

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ ПЕРЕДОВОЙ ОПЫТ

<i>«Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» республикалық байқауының қорытындысы</i>	140
---	-----



ТІЛГЕ БОЙЛАУ ТІЛГЕ БОЙЛАУ



«ТІЛГЕ БОЙЛАУ» ЖОБАСЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУ



Ерманова Мария Наятовна

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты
директоры

Мектепке дейінгі балалық шақ жеке тұлғаны қалыптастыруда өте маңызды кезең, осы кезеңде баланың дамуында танымдық процестер қарқынды дамиды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға тән бірқатар психологиялық ерекшеліктер: қарқынды қабылдау мен есте сақтау қабілетінің жоғары болуы тілді табысты меңгеруге ықпал етеді.

Балалардың әлеуметтік қарым-қатынасының алғашқы дағдылары құрдастарымен қарым-қатынас кезінде қалыптасады, мектепке дейінгі ұйымдар балаларға тілді үйренуде үлкен рөл атқарады.

Мектеп жасына дейінгі кезден бастап балаларға қазақ тілін үйрету уақыт талабы болып табылады. Бірақ тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес. Тілді ерте үйрету баланың зияткерлік қабілеттерін дамытуда ғана емес, сонымен бірге халықтың салт-дәстүрлерін, ауызша шығармашылығын зерделеуді де қамтиды.

Бүгінгі күнде қоғамның, ата-аналардың сұраныстарына сәйкес оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда соның ішінде еліміздің солтүстігінде тұратын аймақтарда мектеп

жасына дейінгі балаларға қазақ тілін игерту үшін Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының іс-қимыл жоспарының 13-бөліміне сәйкес, 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап, 2025 жылдың мамыр айы аралығында «Тілге бойлау» пилоттық жобасы (бұдан әрі – Жоба) іске қосылды.

Тілге бойлау немесе тілдік ортаға бойлау әдістемесі – бұл педагог нұсқауларды балалардың екінші тілінде (елдегі ресми тілдің бірі болып табылатын) үйрететін әдіс.

Аталған Жоба еліміздің 5 өңірінен 135 мектепке дейінгі ұйым (Ақмола облысы-30, Қарағанды облысы-25, Қостанай облысы-30, Солтүстік Қазақстан облысы-30 және Астана қаласы-20) ересек және мектепалды топтар тәрбиеленушілерінің қатысуымен сәтті іске асырылып жатыр.

Ағымдағы жылдың маусым-тамыз айларында жалпы саны 741 жобаға қатысатын педагог (мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлері, педагогтері) Институттың ұйымдастырумен біліктілікті арттыру курстарынан өтті.



Институт базасында Үлгілік бағдарлама негізінде Басқа тілде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрету үшін «Тілге бойлау» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірленді. Бағдарламаның мақсаты - балалардың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын ояту, қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын (түсіну және айту) қалыптастыру болып табылады.

Бағдарлама мазмұны ересек (4 жастағы балалар) және мектепалды топ (5 жастағы балалар) тәрбиеленушілерінің:

- физикалық қасиеттерін күні бойы режимдік сәттерде тілге бойлау әдісі арқылы тілдік құзыреттілікті дамыту (таңертенгі жаттығу, ұйымдастырылған іс-әрекеттер, сергіту сәттері, серуен, қимылды ойындар, ұлттық ойындар, сауықтыру-шынықтыру шаралары, мәдени-гигиеналық дағдылар);
- коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, сөздік минимумды меңгерту, байланыстырып сөйлеу, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту, балалар әдебиеті шығармалары арқылы Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде 10 көлемінде санауды, геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді қазақ тілінде атауды, санамақтар айтуды, қоршаған ортадағы заттармен қарапайым зерттеулер жүргізуде, бақылауда сөздік минимум элементтерін қолдану;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, көркем музыкалық әрекеттерін ұйымдастыруда сөздік минимумды, күнделікті жиі қолданылатын сөздерді қазақ тілінде қолдану, балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес әндерді қазақ тілінде орындату;

- - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыруда балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде өзінің туған өлкесі, қаласы, ауылы туралы айтуға, отбасы мен отбасы мүшелері, олардың мамандықтары, еңбегі туралы, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы қысқаша қазақ тілінде әңгімелеуге баулуда, сөздік минимумды қолдануды көздейді.

Аталған Бағдарламаны іске асыру үшін педагогтерге жұмыс тәжірибесінде қажетті материалдармен қолдау көрсету мақсатында «Кәусар бұлақ» хрестоматиясы да әзірленді.

Ұсынылған хрестоматияда балалардың қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға; шығармалардың мазмұнын түсінуге, тыңдай білуге; шағын өлеңдерді, тақпақтарды жатқа айтуға; қазақ тілінде балаларға арналған әндер, қимылды, ұлттық ойындар, өлеңдер, санамақтар, мақал-мәтелдер, әңгімелер, ертегілер, сергіту жаттығулары, артикуляциялық жаттығулар, саусақтармен орындалатын сергіту сәттері, қимылдармен орындалатын сергіту сәттері берілген.

Сонымен қатар, қазақ тілінде анимациялық бейнероликтер топтамасы ойындар, ертегілер, жаттығулар да ұсынылды:

- «Жануарлар қалай дыбыстайды?»;
- «Ыдыстар»;
- «Геометриялық фигуралар»;
- «Жануарлар қимылы»;
- «Киімдер»;
- «Мамандықтар»;
- «Тазалықты сүйеміз»;
- «Адамның дене мүшелері»;
- «Айналадағы дыбыстар»;
- «Дидактикалық ойындар»;
- «Түстер»;
- «Ыстық жақтар жануарлары»;



- «Ненің үйшігі?»;
- «Саусақтар жаттығуы»;
- «Саусақтар ойыны»;
- «Қимылдар»;
- «Тілазар Айдын туралы ертегі»;
- «Ойыншықтар».


Сондай-ақ, тәрбиеленушілердің Бағдарлама мазмұнын игеру деңгейін анықтау үшін балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде бақылау жасап, ай сайын мониторинг жүргізілуде. Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау;
- әңгімелесу;

- балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және т.б.

Мониторинг педагогтің балалардың 4 және 5 жас кезеңдерінде бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге жету деңгейлерін айқындауға мүмкіндік береді. Институт мамандары 5 өңірге барып, мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында зерделеу жұмыстарын ұйымдастырды.

Балалардың ойын, танымдық, шығармашылық және басқа да әрекет түрлеріндегі коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру күні бойы режимдік процестерде балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілін үйрету бойынша жүйелі жұмыс жүргізілгенде балалардың сөздік қорын, қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыруға зор ықпал етеді.



ҚАЗАҚ ТІЛІ БАЛАБАҚШАЛАРДА: БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІ ҮЙРЕНУ ЖОЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ



Рахметова Сая Зайнулкабиденовна

Солтүстік Қазақстан облысы
Петропавл қаласы
«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие»
секторының әдіскері



Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тілін балабақшада үйрету әдістері, тіл үйренудің ерекшеліктері және оның тәрбиелік маңызы қарастырылады.



Түйін сөздер: «Тілге бойлау» жобасы, ойын, театрландырылған қойылымдар, сөжетті-рөлді ойындар, педагог, ата-ана.

Қазіргі заманда балабақшаларда тіл дамыту мәселесі өте маңызды болып отыр. Әсіресе, қазақ тілін үйрету мен дамытуға ерекше назар аударылуда, себебі тіл – мәдениеттің, дәстүрлердің, ұлттық құндылықтардың негізі. Балабақша кезеңі – баланың сөйлеу қабілетін дамытудың ең тиімді сәті. Баланың тілдік дамуы оның тәрбие мен білім алуының, жалпы тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы кезеңдерін қамтиды.

1. Қазақ тілін балабақшада үйретудің маңызы.

Балабақша кезеңінде қазақ тіліне үйрету баланың өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Қазақ тілін мектепке дейінгі жастан меңгерту балада тілдік дағдыларды қалыптастырып, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді танып білуге мүмкіндік береді. Бала осы кезеңде қазақ тілінің грамматикалық құрылымын, сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтуға үйренеді. Бұл баланың ойлау қабілетін, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамытады.

2. Қазақ тілін үйретудің негізгі әдістері.

Балабақшада қазақ тілін үйрету әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Олардың қатарында:

1. Ойын әдісі: Ойын – балалар үшін ең табиғи, әрі қызықты әдіс. Қазақ тіліне үйретуде ойындар арқылы балалардың сөздік қоры байып, тілге деген қызығушылықтары артады. Мысалы, «Кім көп сөз айтты?» ойынында балалар белгілі бір тақырып бойынша көп сөз айтуға тырысады.
2. Ән мен өлеңдер: Қазақ тіліндегі әндер мен тақпақтар балалардың тілін дамытып қана қоймай, олардың есте сақтау қабілетін жақсартады. Ән айту арқылы балалар сөздерді дұрыс айтуға, тілдің дыбыстық ерекшеліктерін игеруге үйренеді.
3. Суретпен жұмыс: Суреттерге қарап, балалар қазақ тілінде әңгіме құрастырады, сұрақтарға жауап береді, сөйлемдер құрау дағдыларын қалыптастырады. Бұл әдіс баланың сөздік қорын байытып, тілді қолдану қабілетін арттырады.
4. Сюжетті-рөлдік ойындар: сюжетті-рөлдік ойындар баланың әлеуметтік дағдыларын дамытады, сонымен қатар тілдік қарым-қатынасқа үйретеді. Мысалы, «Дүкен» ойынында балалар бір-бірімен қа-

зақ тілінде сөйлесіп, сөйлеу дағдыларын шыңдайды.

3. Балабақшада қазақ тілін оқытудың ерекшеліктері.

Балабақшада қазақ тілін оқыту ерекшелігі – бұл жастағы балалардың психологиялық және физиологиялық дамуына сай келетін әдістердің қолданылуында. Балалар ересектердің айтқанын жылдам меңгереді, бірақ оларға түсінікті әрі жеңіл тілде айтылуы тиіс. Қазақ тілін үйретудің бірнеше маңызды аспектілері бар:

- Қарапайым сөйлемдер: Балабақшада қазақ тілін үйретуде қарапайым сөздер мен сөйлемдер пайдаланылады. Мысалы, “Бұл не?”, “Бұл қандай түс?” немесе “Кәне, бірге айтайық!” деген сияқты сөйлемдер арқылы балалардың сөздік қорын молайтуға болады.
- Көрнекі құралдар: Балалар көру және есту арқылы көп нәрсені үйренеді. Сондықтан, қазақ тілін үйретуде түрлі суреттер, слайдтар, ойыншықтар мен дидактикалық материалдар қолдану өте тиімді.
- Тұрақты қайталау: Балалар бір нәрсені толық түсініп, меңгеруі үшін қайталау өте маңызды. Қазақ тілінде жиі қолданылатын сөздер балаларға бірнеше рет қайталанып, оларды жаттауға көмектеседі.

4. Қазақ тілін үйретудегі педагогтің рөлі.

Балабақша тәрбиешісінің басты міндеті – қазақ тілін баланың қызығушылығы мен қажеттіліктеріне сәйкес үйрету. Тәрбиеші балаларға сөздердің мағынасын түсіндіріп, дұрыс айтуға бағыт беруі тиіс. Сонымен қатар, тәрбиеші әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тіл үйренудің әдістерін дұрыс таңдауы керек. Мысалы, бір бала тез тіл үйренсе, екіншісі көбірек уақыт алады, сондықтан балаларға жеке тәсілдер қолдану маңызды.

Тәрбиеші қазақ тілін үйрету барысында ойындар мен шығармашылық жұмыстарды

жиі ұйымдастырып, балаларды қызықтырып, тілге деген қызығушылығын арттыруы қажет.

5. Қазақ тіліне үйретуде ата-аналардың рөлі.

Балабақшадағы қазақ тілін үйрену процесі тек тәрбиешінің ғана міндеті емес. Ата-аналар да балаларымен үйде қазақ тілінде сөйлесіп, сөздік қорын дамытуға, қазақша әндер мен тақпақтар үйретуге ықпал етуі қажет. Бұл үшін ата-аналарға арналған әдістемелік нұсқаулар мен кеңестер ұсыну тиімді болады.


6. Тілге бойлау жобасы.

«Тілге бойлау» жобасы қазақ тілін балабақшада үйретудің тиімді әдістерін қолдануға бағытталған арнайы жоба болып табылады. Бұл жоба балаларға қазақ тілін шығармашылық тәсілдер арқылы, оның ішінде театрландырылған қойылымдар, сюжетті-рөлді ойындар, музыкалық және әдеби кештер арқылы үйретуді көздейді. Жоба арқылы балалардың тілдік қабілеттері арттырылып, оларды ұлт мәдениетімен, дәстүрлермен таныстыруға ерекше көңіл бөлінеді. Театрландырылған қойылымдар, және музыкалық ойындар қазақ тілінің грамматикасы мен дыбыстық құрылымын меңгеруге көмектеседі. Осы жоба аясында балабақшадағы тәрбиеленушілердің тілге деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігі артып, шығармашылық қабілеттері мен өзара қарым-қатынас дағдылары дамиды.

Қазақ тілі балабақшадағы балалардың дамуы үшін негізгі құралы болып табылады. Ерте жастан қазақ тілін үйрету балаларға өздерін еркін, әрі сенімді түрде қазақ тілінде сөйлей алатынын сезінуге мүмкіндік береді. Балабақшадағы тілдік жұмыс баланың интеллектуалдық, шығармашылық және әлеуметтік дамуына үлкен әсер етеді. Сондықтан қазақ тілін үйрету – бұл тек тәрбие мен білім беру емес, балаларды ұлт мәдениетіне, дәстүрлеріне және тілдің байлығына баулудың маңызды кезеңі.

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
2. Басқа тілде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрету үшін «Тілге бойлау» бағдарламасы – Астана, 2024.
3. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат, Астана қ. 2024 ж. – 31 бет



ӨЗГЕ ҰЛТ БАЛАЛАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҮЙРЕТУ: «ТІЛГЕ БОЙЛАУ» ЖОБАСЫНЫҢ ІСКЕ АСУЫ, ТӘЖІРИБЕ МЕН НӘТИЖЕЛЕР



Тайгушкарва Роза Жағудақызы

Солтүстік Қазақстан облысы
Петропавл қаласы
МКҚК «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
қазақ тілі педагогі

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, мемлекеттік тілді еркін игеру – бұл ойын жеңіл әрі қиындықсыз жеткізе білу қабілеті. Осындай деңгейге жету үшін тіл үйрету жұмысы мектепке дейінгі ұйымдардан басталуы керек және тілді үйрену оқу-тәрбие жүйесінің барлық бағыттарын қамтуы тиіс. Өзге ұлт өкілдерінің балаларын екінші тілге үйрету күрделі процес. Бұл процес балалардың тілдік дағдыларын дамыту ғана емес, сонымен қатар еліміздің мәдени байлығын сақтау мен халықтар арасындағы бірлікті нығайтуға да бағытталған.



«Тілге бойлау» жобасының негізгі компоненті – балалар үшін қызықты әрі тартымды тілдік ортасын қалыптастыру. Қазақ тілінде сөйлеу үшін балалардың тілінің жылдам дамуы үшін, оларды қоршаған адамдардың да осы тілде сөйлесіп, араласуы керек.

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы «Тілге бойлау» пилоттық жоба бойынша жұмыс жасауда. Бұл дегеніміз, қазақ тілін тек ұйымдастырылған іс-әрекетте ғана емес, сонымен қатар күні бойы режимдік сәттерде, түрлі балалар әрекетінде тәрбиешілер балалармен қазақ тілінде сөйлесе отырып, олардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмыстары жүргізеді.



«Тілге бойлау» пилоттық жобасы бақша-мызда қалай іске асуда? Өз тәжірибемізде тілді ойын арқылы үйретеміз. Ойындар арқылы балалар жаңа сөздер мен сөйлеу құрылымдарын жеңіл меңгеріп, өздерінің тәжірибелерін бөліседі. Мысалы, рөлдік ойындарда балалар әртүрлі кейіпкерлерді сомдап, тілдік дағдыларын нақты жағдайларда қолданатын мүмкіндіктерді алады. Сонымен қатар, балалардың эмоционалдық



және әлеуметтік дамуына да жол ашады. Балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау және топта жұмыс істеу дағдылары күшейіп, олардың тұлғалық дамуына ықпал етеді. Қазақ тілін үйретуде заманауи технологиялар да маңызды рөл атқарады. Бақшамызда «шағын кинотеатр» жұмыс істейді. Мультимедиялық құралдар мен оқу бағдарламаларын қолдану арқылы балаларға қазақ тілінде мультфильмдер мен анимацияларды көрсету үлкен қызығушылық тудырады. Бұл визуалды элементтер балалардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырады.



Балаларға қазақ тілін үйрету процессінде қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерімен таныстыру да маңызды. Бақшамызда балалар ұлттық ойындар ойнау, салт-дәстүрлермен танысу арқылы қазақ тілінде ақпарат алады. Бұл оларға тіл үйренумен қатар, қазақ халқының құндылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. «Бестемше», «Асық ату», «Ханталапай» және т.б. ұлттық ойындары ойнатылады.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын бала бойына сіңіре отырып, бақшамыздың шығармашылық тобы «Үш отау» авторлық ойынын ойлап тапқан болатын. Бұл ойын баланың логикалық ойымен қатар, сөйлеу тілін де дамытады.




Қазақ тілін үйрету бағдарламасының тиімділігі ата-аналардың көмегіне де байланысты. Ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту, оларға қазақ тілінде сөйлесуді, отбасылық ойындар ұйымдастыруды ұсынамыз. Бұл балалардың үйде де қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын арттырады. Апта сайын ата-аналар бұрышында сөздік минимум, тілді меңгеруге байланысты кеңестер беріледі және де қазақ тілін үйренуге қызығушылықтарын ояту, насихаттау мақсатында ақын-жазушылардың өлеңдері бойынша мәнерлеп оқу сайыстары, «Бесік жыры» байқауы, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында, «Көрпе-Fest», «Топ тұмары», «Ұлттық тағамдар» сынды байқаулар өткізіліп тұрады. Ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлескен жұмысы нәтижесінде балалардың қазақ тіліне деген қызығушылығы артып, олар ұлттық мәдениетті тереңірек түсіне бастады деп сенеміз.

Өзге ұлт балаларын қазақ тіліне үйрету — көп деңгейлі процесс, ол тілдік, мәдени және әлеуметтік аспектілерді қамтиды. Қазақстанымыздың болашағы – көпұлтты, әрі тілдік алуан түрлілікке ие, сондықтан, балаларымызға қазақ тілін үйрету — баршамыздың міндетіміз.



Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
2. Ата-аналарды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту: әдістемелік ұсынымдар. Астана, 2023 ж.
3. Басқа тілде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрету үшін «Тілге бойлау» бағдарламасы – Астана, 2024.
4. Мектепке дейінгі жастағы балаларға қазақ тілін үйрету бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан қ, 2021ж. – 57 бет.





ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ ТӘЖІРИБЕСІ ПРАКТИКА ЦЕНТРОВ КОМПЕТЕНЦИЙ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ



Тажиева Мария Раушановна

Шымкент қаласы
№68 «Балауса» бөбекжай-бақша МКҚК
меңгерушісі



Аңдатпа. Мақалада тіл мәдениеті, салт-дәстүр, еңбекқорлық, ізеттілік, қонақжайлылық, сыпайылық, кішіпейілділік, мәдениеттілік, шығармашылдық, еркіндік, рухани байлық сынды қасиеттер жөнінде айтылған



Түйін сөздер: құндылықтар, ұлттық тәрбие.

Мектепке дейінгі жас - баланың тұлғасын қалыптастыруда, оның рухани және мәдени дамуына бағытталған маңызды кезең. Бұл жаста балалардың ұлттық санасы, құндылықтары мен мәдениетіне деген көзқарасы негізделеді. Қазақстанның көпэтносты және көпмәдениетті қоғамында ұлттық құндылықтардың мектепке дейінгі тәрбиелеудегі орны ерекше маңызды болып табылады.

Ұлттық құндылықтар – адамның өмірі мен қоғамдағы орны туралы түсінігін қалыптастыратын рухани негіздер мен дәстүрлердің жиынтығы. Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы оларды өз халқының мәдениетімен,

тарихымен, салт-дәстүрлерімен таныстырып, қоғамда өз орнын табуға дайындаймыз.

Ұлттық құндылықтар және олардың мәні қандай? Ұлттық құндылықтар - бұл әрбір ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрлері, тілі, өнері, діні мен тарихи мұрасы сияқты рухани байлығының жиынтығы. Қазақстанда этникалық және мәдени әртүрлілік бар болғандықтан, ұлттық құндылықтарды балаларға мектепке дейінгі кезеңде енгізу ерекше маңызды.

Ұлттық құндылықтар балалардың бойында мынадай негізгі сапаларды қалыптастырады:

Тіл - ұлттық мәдениеттің негізі. Балалар өз

ана тілінде сөйлеуді үйреніп, сол арқылы мәдениет пен тарихты түсінеді.

Салт-дәстүрлер - әр ұлттың өміріне тән рәсімдер мен әдет-ғұрыптар. Бұл салттар балалардың моральдық құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Отбасы құндылықтары - отбасындағы тәрбие, сыйластық, ізеттілік, еңбекқорлық сияқты құндылықтарды бала ерте жастан бойына сіңіреді.

Қонақжайлылық - қазақ халқының тарихи ерекшеліктерінің бірі, балаларға қонақжайлықтың маңыздылығын түсіндіру арқылы оларды адамгершілікке тәрбиелейміз.

Ұлттық ойындар мен музыка - халықтың мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады, олар балаларды шығармашылыққа, физикалық белсенділікке баулиды.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру әдістері. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды қалыптастыру түрлі әдістер мен тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Бұл әдістер баланың жас ерекшелігіне қарай, ойын түрінде, шығармашылық жұмыстар арқылы балаларға ұсынуға болады.

1. Ұлттық дәстүрлер мен мерекелерді ұйымдастыру



Балалардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда ұлттың дәстүрлері мен мерекелерінің маңызы зор. Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ халқының мерекелері мен салт-дәстүрлерін атап өту балаларға қазақ мәдениетін танып-білуге көмектеседі. Бұл мерекелерде балалар ұлттық киімдер киіп, қазақтың әндері мен билерін орындап,

дәстүрлі тағамдар мен ойындарды пайдаланып, еліміздің ұлттық құндылықтарын жандандырады.

2. Ойындар мен әрекеттер арқылы ұлттық тәрбие беру



Ұлттық ойындар - балалардың психологиялық дамуына, олардың ой-өрісін кеңейтуге әсер етеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақтың ұлттық ойындарын («Қыз қуу», «Арқан тартыс», «Бестемше», «Шертпек», «Бес кей», «Асық ату») ұйымдастыру арқылы балалардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылықтарын оятуға болады. Сонымен қатар, балаларды қазақтың қолөнерімен таныстыру да маңызды: тері илеп, кесте тігу, ою-өрнек салу сияқты шығармашылық жұмыстар балалардың ұлттық дүниетанымын кеңейтеді.

3. Қазақ тілін үйрету

Тіл - ұлттың жүрегі, оның мәдениетінің негізі. Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрету және баланың тілдік дағдыларын дамыту - ұлттық тәрбие берудің маңызды құрамдас бөлігі. Қазақ тілінде ертегілер мен өлеңдер оқу, мақал-мәтелдер жаттату арқылы балалар қазақтың бай әдеби мұрасымен танысады. Бұл олардың тіл байлығын арттырып қана қоймай, ұлттық ой-санасы мен мәдениетін де қалыптастырады.



4. Халық ауыз әдебиеті және музыка арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру



Балаларға халық ауыз әдебиеті арқылы тәрбие беру - олардың дүниетанымын, моральдық құндылықтарын қалыптастыруда өте маңызды. Қазақ халқының ертегілерін, батырлар жырларын, халық әндері мен күйлерін балаларға тыңдату арқылы олар ұлттық рухты сезіне бастайды. Сонымен қатар, қазақ халқының әндері мен билерін үйрету, балаларды ұлттық музыкалық аспаптармен таныстыру олардың музыкалық мәдениетін дамытып, рухани байлығын арттырады.



5. Отбасымен тығыз байланыс орнату



Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін отбасы мен мекеменің бірлесіп жұмыс істеуі маңызды. Ата-аналармен бірлескен шаралар, мерекелер мен ұлттық ойын-


дар ұйымдастыру арқылы балаларға ұлттық тәрбие беру үрдісі нығая түседі. Балалар өз отбасында да ұлттық салттарды, дәстүрлерді көріп, оларды тәжірибеде қолдануды үйренеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар балалардың ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың алғашқы және маңызды кезеңі болып табылады. Бұл жаста балалардың санасы мен дүниетанымы қалыптасып, олар өз ұлтының мәдениеті мен салт-дәстүрлерін ұғынып,

оларды өмірде қолдануға дайын болады. Ұлттық құндылықтарды мектепке дейінгі тәрбиелеу арқылы біз балаларды адамгершілік, қайырымдылық, еңбекқорлық, қонақжайлылық сияқты қасиеттерге тәрбиелей аламыз. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарға дәріптеу, баулу және тәжірибеге енгізу еліміздің мәдениетінің, тарихының және болашағының берік негізін қалыптастырудың маңызды бағыты болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Әбиев, Ж., & Құдиярова, Б. (2008). Педагогика негіздері. Алматы: Рауан.
2. Мұқанова, Қ. С. (2012). Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі мен мәдениеті. Алматы: Мектеп.
3. Әуелбекова, А. (2015). Ұлттық тәрбие мен мәдениетті мектепке дейінгі ұйымдарда қалыптастыру. Алматы: ҚазМУ.
4. Сейітов, Ж. Т. (2018). Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық тәрбие мен мәдениетті дамыту мәселелері. Астана: Фолиант.
5. Шарафутдинова, С. Н. (2014). Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың рухани және мәдени дамуы. Алматы: Білім.
6. Құрманәлиева, Ж. Б. (2016). Балабақшада ұлттық тәрбие беру тәсілдері. Алматы: Өркениет.
7. Асылбекова, Ж. (2017). Мектепке дейінгі білім беру саласында этнопедагогикалық тәрбие. Алматы: Ұлағат.
8. Жұмабаева, А. С. (2013). Қазақ халық педагогикасы және мектепке дейінгі білім беру. Алматы: Қазақ университеті.




ФОРМИРОВАНИЕ МУЗЫКАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ВОСПИТАННИКОВ ПОСРЕДСТВОМ ПРОСЛУШИВАНИЯ КЮЕВ



Калиева Клара Айкеновна

Акмолинская область, Целиноградский район, село Акмол
ГККП «Детский сад «Жулдыз»
музыкальный руководитель

 **Аннотация.** Музыка играет значительную роль в воспитании дошкольников, развивая их эмоциональные, эстетические и когнитивные способности. Особенно важно знакомить детей с национальной музыкой, так как она способствует не только развитию музыкального слуха, но и приобщению к культурному наследию. Кюи, как уникальный жанр казахской инструментальной музыки, имеют большой потенциал в формировании музыкальной культуры воспитанников, помогая им познавать окружающий мир через музыку. Особенности кюев, как жанра и их образовательное значение

Кюи – это не просто музыка, а важная часть культурного наследия казахского народа. Основными инструментами для исполнения кюев являются домбра, кобыз и сырнай, каждый из которых имеет свой уникальный звук и символическое значение. В истории Казахстана домбра занимает особое место как один из символов национального самосознания, передающий образы природы, исторические события и чувства. Некоторые кюи, как, например, «Аксак құлан», хранят легенды о трагических и героических событиях прошлого. Знакомство с такими произведениями не только развивает у воспитанников музыкальный слух, но и формирует чувство сопричастности к культуре своего народа. Прослушивая и обсуждая кюи, дети начинают осознавать, что музыка может быть языком, через который передаются истории и чувства.

Влияние прослушивания кюев на развитие воспитанников

Использование кюев в образовательной деятельности развивает у детей следующие навыки:

1. **«Эмоциональное развитие».** Кюи могут

быть драматичными и радостными, спокойными и энергичными. Эти эмоциональные контрасты позволяют детям лучше понимать свои чувства и сопереживать другим. К примеру, күй «Желтыр» может помочь ребенку почувствовать мощь степного ветра, передавая ощущение силы и свободы. Знакомство с такими произведениями позволяет ребенку выражать свои чувства более осознанно и развивать эмоциональный интеллект.

2. **«Развитие музыкального слуха».** Кюи отличаются сложными ритмами и мелодиями, которые помогают детям развивать слуховое восприятие. Такие кюи, как «Балбырауын» или «Аққу», позволяют детям научиться различать высоту звука и мелодические переходы, а также различать тембры музыкальных инструментов. Важной частью этого процесса является обучение детей основам ритмического рисунка, что можно развивать, сопровождая прослушивание хлопками или игрой на простых ударных инструментах.

3. **«Культурное обогащение и формирование идентичности».**

В процессе прослушивания кюев дети не только слушают музыку, но и знакомятся с культурным наследием Казахстана. Это помогает им почувствовать гордость за свою культуру и создает у них положительное отношение к национальным ценностям. Важно, чтобы педагог объяснял детям содержание кюев, рассказывал об их значении, знакомил с легендами и историями, связанными с конкретными произведениями.

4. «Воображение и творческое мышление». Кюи открывают детям мир образов и символов, что развивает их воображение и стимулирует творческое мышление. Например, кюй «Құлагер» может вызывать у детей образы лошадей, скачущих по бескрайним степям. После прослушивания педагог может предложить детям придумать свои истории, опираясь на музыкальные образы, что будет способствовать развитию их креативных способностей.

5. «Речевые и когнитивные навыки». Прослушивание кюев и обсуждение их содержания помогает детям развивать свои речевые навыки, поскольку они учатся выражать свои мысли и впечатления словами. Педагог может задавать вопросы, стимулируя обсуждение, что способствует развитию словарного запаса, связной речи и аналитического мышления.

Методы работы с кюями в дошкольных организациях

Для достижения лучших результатов при работе с кюями в дошкольном образовании педагогам следует применять разнообразные методы и подходы. Вот несколько из них:

1. «Активное прослушивание». Важно, чтобы процесс прослушивания кюев был активным. Педагог может задавать детям вопросы о прослушанном, делиться интересными фактами и историей кюя, помогая детям глубже понять его содержание. Например, кюй «Сарыарқа» может сопровождаться рассказом о красоте казахской степи, чтобы дети могли связать музыкальные образы с конкретными природными картинками.

2. «Музыкально-двигательные упражнения». Чтобы сделать прослушивание более

увлекательным, педагог может предложить детям двигаться в такт музыке, изображая лошадей, ветер или другие природные явления, отраженные в кюе. Например, под музыку «Көктем» дети могут имитировать движение птиц, распускающихся цветов и весенних ручьев, что не только оживит прослушивание, но и поможет детям лучше воспринять образы музыки.

3. «Практическое знакомство с домброй и другими инструментами». Даже простое взаимодействие с домброй или кобызом поможет детям ощутить, как создаются звуки, что способствует их музыкальному развитию. Педагог может предложить детям попробовать извлечь звуки из инструментов, создавая ритмические рисунки или мелодии, и это даст детям представление о том, как сложен процесс создания музыки.


4. «Рисование под музыку». Прослушивание кюев можно сочетать с художественной деятельностью. После прослушивания кюя «Ақсақ қулан», дети могут нарисовать свои впечатления, такие как образы лошадей или бескрайние степи. Это упражнение помогает развивать у детей ассоциативное мышление, стимулирует их воображение и позволяет выразить свои впечатления от музыки через художественные образы.

5. «Интеграция с изучением литературы и истории». Чтобы дети лучше поняли значение кюев, можно сочетать их прослушивание с рассказами о традициях, культурных особенностях или литературных произведениях. Например, перед прослушиванием кюя «Қаражорға» педагог может рассказать детям о казахских народных танцах, пояснив, как музыка отражает характер национальной культуры.

Педагогические принципы и рекомендации для использования кюев

Для эффективного использования кюев в работе с детьми дошкольного возраста педагогам следует учитывать несколько важных принципов:

1. «Постепенное усложнение программы». Для воспитанников младшего возраста лучше всего подходят простые и яркие кюи с четкими ритмами. По мере взро-



сления детей можно добавлять более сложные произведения, которые потребуют от них более высокого уровня сосредоточенности и понимания.

2. «Создание комфортной атмосферы». Музыкальные занятия должны проходить в доброжелательной атмосфере, чтобы дети могли свободно выражать свои эмоции и чувствовать себя уверенно. Педагог может поощрять детей задавать вопросы, делиться своими впечатлениями и даже пытаться придумывать свои истории, вдохновленные кюями.
3. «Систематичность деятельности». Важно, чтобы прослушивание кюев было регулярным, но не утомительным для детей. Например, можно включать кюи на утренних организованных мероприятиях или во время отдыха, чтобы музыка сопровождала детей в их повседневной жизни.

4. «Индивидуальный подход». Важно учитывать индивидуальные особенности детей: если один ребенок предпочитает динамичные и энергичные кюи, а другой любит более спокойные мелодии, педагог может адаптировать организованную деятельность под интересы каждого ребенка, чтобы сохранить его заинтересованность.

Заключение

Формирование музыкальной культуры воспитанников через прослушивание кюев – это эффективный способ приобщить их к национальным традициям и культурным ценностям Казахстана. Кюи, наполненные символами, природными образами и жизненными философиями, помогают детям развить музыкальный слух, воображение, эмоциональную чуткость и чувство принадлежности к своей культуре. Включение этих произведений в образовательный процесс способствует гармоничному развитию детей, создавая условия для их всестороннего и культурного обогащения.

Список использованных литератур

1. Абдуллаева, Л. Г. **Музыкальная культура Казахстана: традиции и современность**. Алматы: Гылым, 2002. – 255 с.
2. Байжумаева, З. Б. **Казахская народная музыка как средство воспитания детей дошкольного возраста** // Вестник Казахского национального педагогического университета. – 2016. – №3. – С. 35-42.
3. Жубанова, Г. А. **История и теория казахской музыки**. Алматы: Наука, 2004. – 312 с.
4. Ибраева, М. Т. **Основы музыкальной педагогики для дошкольного образования**. Алматы: Казахстанская ассоциация образования, 2015. – 150 с.
5. Исмагулова, Ж. А. **Национальная музыка и её роль в формировании культурной идентичности дошкольников** // Вопросы культурологии. – 2018. – №2. – С. 15-23.
6. Карсыбаев, С. К. **Духовно-нравственное воспитание через казахское музыкальное наследие** // Педагогика и психология. – 2020. – №5. – С. 87-94.
7. Куанышбаева, Н. М. **Музыкальное воспитание в дошкольных учреждениях Казахстана**. Алматы: Казахская академия образования, 2013. – 200 с.
8. Сулейменов, М. Ш. **Роль кюев в музыкальном воспитании детей**. Астана: Назарбаев Университет, 2017. – 98 с.
9. Утемисов, Ж. К. **Казахские музыкальные традиции: Кюи как средство духовного воспитания** // Музыкальное образование и культура. – 2019. – №4. – С. 48-56.
10. Шарипова, А. Н. **Развитие музыкального восприятия дошкольников через казахские народные кюи** // Образование и культура. – 2021. – №6. – С. 22-30.



МАМАНДАР КЕҢЕС БЕРЕДІ СПЕЦИАЛИСТЫ СОВЕТУЮТ





МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ



Мукашева Жанар Изтолеуовна

Астана қаласы
№ 89 «Қыз жібек» балабақшасы МКҚК
меңгерушісі

 **Аңдатпа.** Мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған инклюзивті білім беруді енгізу қажеттілігін негіздеуге бағытталған. Балабақша инфрақұрылымын жаңғыртудың негізгі мақсаттарының бірі – сапалы мектепке дейінгі білім алу құқығын қамтамасыз ету. Жаңғырту барысында қауіпсіз орта құру арқылы балалардың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау.

 **Түйін сөздер:** инклюзивті білім беру, қауіпсіз орта, балалардың дамуы, жеке қасиеттер.

Инклюзивті білім беру, яғни ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу-білім беру процесімен қамтамасыз ету бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Мектепке дейінгі ұйымдарда арнайы шарттар мен жағдай жасалғанда ғана тәрбиелеу-білім беру процесі тиімді жүзеге асырылады.

Ең алдымен инклюзивті білім берудің сегіз негізгі қағидасына тоқталайық:

1. Адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес.
2. Әр адам сезінуге және ойлауға қабілетті.
3. Әр адамның қарым-қатынас жасауға және тыңдауға құқығы бар.

4. Барлық адамдар бір-біріне мұқтаж.
5. Шынайы білім тек нақты контексте жүзеге асырылуы мүмкін қарым-қатынас.
6. Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығына мұқтаж.
7. Барлық білім алушылар үшін прогреске жету олардың болуы мүмкін, олар мүмкін емес нәрселерден гөрі жасай алады.
8. Әртүрлілік адам өмірінің барлық аспектілерін күшейтеді.

Қазіргі таңда, инклюзивті білім берудің кемшіліктері - психологиялық дайындықтың болмауы, қоғамда мүмкіндігі шектеулі адамды қабылдауға, мұндай адамдарды әлеуметтік қолдау және қамтамасыз ету жүйесінің жетілмегендігі.

Инклюзивті білім беру - балаларда төзімділікті, мейірімділікті дамытады және өзара сыйластықты қалыптастырады. Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мүмкіндіктерді көруді үйренеді. Алайда, елімізде инклюзивті білім әзірге эксперименталды сипатта қарастырылуда және бірқатар кемшіліктері бар.

Педагогикалық практикаға инклюзивті оқытуды енгізудің өзектілігі күмән тудырмайды. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту ата-аналарға қажетті педагогикалық консультативтік қолдаумен қамтамасыз ету, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы қабылдауды іске асырады.

АҚШ-тың Индиана штатының университетінің профессоры Сэмюэл Одом бүгінде балаларда болып жатқан процестерге қатысты инклюзияның бірыңғай анықтамасы мектепке дейінгі ұйымда жоқ деп тұжырымдайды. Тұжырымдамалық тұрғыдан еуропалық ғалымдар, бірауыздан инклюзия келесідей анықталады: «Инклюзия-бұл көп жағдайда тек бірге болу емес, бұл барлық балалар үшін тиісті дамытушы ортаны құру процесі, бұл өз кезегінде тәрбиелеу және оқыту бағдарламаларын қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне қарай бейімдеу қажеттілігін білдіреді. [3]

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баламен жұмыс неғұрлым ерте басталса денсаулығы, оның қоғамда бейімделу және әлеуметтену мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады. Егер біз ондай балалар үшін ерекше жағдайлар жасай бастасақ, онда кейін басқа балалар үшін теңдік принципін бұзамыз. Оны сақтау үшін олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, барлық балалармен жұмыс істеуді үйренуді үйлестіре білу керекпіз. [2]

Ол үшін келесі сұрақтарға жауап беріміз керек:

- тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі білім берудің негізгі үлгі талаптарын, оны игеруі керек балалар жалпы білім беру бағдарламасының ерекшеліктері қалай біріктіруге болады ?

- жеке даму жоспарын құру, баламен топта жұмысын жоспарлау кезінде ерекшеліктерді қалай ескеруге болады?
- олардың жеке айырмашылықтарын ескере отырып сапалы тәрбие мен білім беру және балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін қалай жасауға болады?

Бұл тәсілмен педагогика тұтастай өзгереді, ол мыналарды қамтиды, инклюзивті, тек арнайы балалар қазірдің өзінде қосылуы керек деген мағынада ғана емес қалыпты дамып келе жатқан балалармен білім, білік дағдыларын қалыптастырып, балалардың жеке айырмашылықтарын ескере отырып, қажеттілік пен тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа формалары мен тәсілдерін құруды. Мұндай тәрбиелеу-білім беру әркімнің үнемі шығармашылық үлесін талап етеді, шығармашылық үдеріске оның барлық қатысушылары – педагогтер, ата-аналар, балалар, әкімшілік кіреді.


Балада бар қиындықтарды жеңуден басқа, ерте анықтау және баланың дамуындағы ауытқуларды ерте кешенді түзету жүргізуге мүмкіндік болады, екінші және үшінші сипаттағы ауытқулардың пайда болуына жол берілмейді. Яғни, мәселені жеңу, ерте көмек ол түзету немесе профилактикалық сипатта болуы мүмкін, немесе қалыптасқан проблемалар немесе болашақта олардың пайда болуына жол бермеу. [2]

Интеллектуалды дамуы бұзылған балалар үшін ерте көмек қолдаудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Балалар айтарлықтай жетістіктерге жетеді: өзін-өзі күту, танымдық даму нәтижелері, күнделікті өмірде қажетті коммуникативті дағдылар мен сөйлеуі қалыптасады. Балалар отбасы мүшелерімен жағымды қарым-қатынас орнатуды және дамытуды үйренеді, басқа балалар сияқты қоғамдағы қарапайым ережелерді есте сақтайды және оларды ұстанады.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беруді дамыту арқылы біз ерте жастан Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың денсаулығы, оның қоғамда бейімделуі және әлеуметтенуі мүмкіндігі соғұрлым жоғары болатындығын осы мақала арқылы бөліскім келді.

Әдебиеттер:

1. Бурлова Н.Б. Социальная защита детства / Н.Б. Бурлова // Справочник руководителя дошкольного учреждения. – № 10 /Москва/ - 2012.
2. Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар – Алматы, 2019. – 122 б.
3. Қақлиев Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. – 304 б.
4. Ғылыми-педагогикалық негіздері. Монография. – Алматы: Комплекс, 2000. – 330 б.



МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУІН ДАМУДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ



Байганышева Жулдыз Советбековна

Жетісу облысы, Сарқан ауданы
МКҚК «Балдырған»
санаторлық бөбекжай-бақшасының
логопеді



Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың қазақтың ұлттық ойындары арқылы стандартта көзделген сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешуге бағытталған әдіс-тәсілдер ұсынылады.



Түйін сөз: ұлттық ойындар, дағдылар, интонация, эмоция, қиял, мирас, құндылық, тәрбие.

*«Ойын ойнап, ән салмай,
өсер бала болама?»*

А. Құнанбаев

Интеллект - адамның ойлампаздық қабілеті - ақыл, ақыл-ой даму деңгейі. Ақыл-ой сезімі адамның танымдық әрекетімен байланысты. Бастапқыда бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық процестерді жатқызды. Интеллект - адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Ол ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті.

Ресейлік психолог Р.С.Немовтың пікірінше, зияткерлік (интеллектуалды) даму – бұл логикалық ойлау мен сөйлеуді дамыту. Ол осы мектепке дейінгі жаста (4 жастағы балалар) балалар әлеуметтік дамыған сенсорлық стандарттар жүйесін қолдана отырып, заттардың сыртқы қасиеттерін зерттеудің кейбір ұтымды әдістерін игереді деген идеяны алға тартты. Оларды қолдану балаға күрделі заттарды саралап қабылдауға, талдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі әлем білім беру алдында қиын міндеттер қояды: баланы қоғамдағы өмірге дайындау, ол одан бірінші кезекте тез өзгертін ақпаратпен жұмыс істеуге бағытталған

ерекше интеллектуалды қабілеттерді талап етеді. Осы орайда, алынған ақпаратты алу, өңдеу және іс жүзінде пайдалану дағдыларын дамытуға STEAM технологиясының ықпалы тиімді деп санаймын. STEAM технологиясын мектепке дейінгі білім беру мекемесіне енгізу балаларға ақпарат ағынында жылдам шарлауды үйренуге және қалыптасқан дағдыларын іс жүзінде жүзеге асыруға көмектеседі.

Мектеп жасына дейінгі балалар қазіргі өмірде сұранысқа ие қосымша практикалық дағдыларды алады. Ойын түріндегі қызықты іс-шаралар баланың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Балалар болып жатқан оқиғалардың өзара байланысын көруге үйренеді, логика принциптерін жақсы түсіне бастайды және өз модельдерін құру барысында олар жаңа және ерекше нәрсені ашады. Кешенді тәсіл олардың қызығушылығын дамытуға және тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысуға ықпал етеді.

Бүгінгі күні STEAM технологиясы мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қолданудың барлық спектріне ие және мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудың тамаша құра-



лы болып табылады:

- балалардың тәрбиесі мен дамуын ойын арқылы қалыптасуына мүмкіндік береді;
- балаларға әр түрлі іс-әрекеттерде - ойын, ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынас, дизайн және т.б. бастамашылық пен тәуелсіздік көрсетуге мүмкіндік береді;
- ойынды зерттеу әрекетімен біріктіреді;
- балаға өмірдің әртүрлі жақтарын құруға, білуге, бастама көтеруге мүмкіндік береді.

STEAM технологиясы - бұл балалардың ақыл-ой, интеллектуалдық және тұлғалық даму әлеуетін арттыруға бағытталған техникалық және көркемдік-эстетикалық дамудың интеграциясы.

STEAM технологиясының ерекшелігі балалардың жұптық немесе топтық белсенділігінде. Демек, Үлгілік бағдарлама мазмұнындағы құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу міндеттерін шешуге септігін тигізеді. Бұл міндеттердің шешілуіне педагогтің ұйымдастырған заттық-дамытушы ортасы да орасан зор рөл атқарады.

Қазіргі таңда STEAM технологиясы балабақшада зерттеу, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру, танымдық қабілеттерін дамыту іс-әрекеттерін кіріктіру арқылы жүзеге асырылады. Әрбір мектепке дейінгі ұйым мүмкіндігіне қарай заттық-дамытушы орта ұйымдастырып, STEAM аймағында балалармен жұмысты қарқынды өрбітуде. Ол жерде балалар бірлесіп жұмыс істеуді, үйренгендерін тәжірибеде қолдана білуді үйренеді, бұл оларға басқалармен келіссөздер жүргізу немесе топтық мақсатқа жету үшін өз ұстанымдарын бейімдеу сияқты дағдыларда нақты тәжірибе береді. Балалар ойнай отырып, қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерді бойларына сіңіреді. Балалар тек ақпарат алу арқылы үйренбейді, сонымен қатар олар тәжірибе жасауды, зерттеуді де үйренеді. Зерттеу арқылы заттардың құрылымы мен пайда болуы, олардың бір бірімен байланысын, қоршаған ортаға әсері

туралы түсінік қалыптасатын болады.

«Құрылыс блоктары» ойын алаңында құрастыру ұйымдастырылған іс-әрекеті өткізіледі, онда балалар күн сайын педагогтің шағын басшылығымен құрылымдарды жоспарлайды және құрастырады. Лего конструкторлармен ойнау арқылы балалардың әлемді тануға деген қызығушылықтары оянады, қол моторикалары дамиды, өзім білсем, істесем, жаңа құрылыс ойлап тапсам деген құлшыныстары пайда болады.


Танымдық және зияткерлік қабілеттерін дамыту математика негіздері арқылы іске асады. Яғни, 1-5ке дейін тура, 1-10ға дейін тура және кері санауды, фигураларды сәйкестендіруді және үлгілерді жасауды қамтиды. Өлшеу, санау, кеңістікті бағдарлау, теңестіру, пішіндерден құрастыру дағдылары жетілген балалар өз жолында тұрған кедергілерді жеңе отырып, жаңа өнертабыстарды ойлап табу және жасау үшін инновация мен шығармашылық әдістерін үйренеді.

Қазіргі заманда робототехника ғылымы кеңінен қолданыс табуда. Ғылыми техникалық прогрестің осы бір маңызды бағыты елордамыз көптеген балабақшаларында қолға алынған. Бұл ортада балалардың танымдық, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттері дамуда. Балалар өздері құрастыруды, жаңа нәрсе ойлап табуға үйретуде.

STEAM технологиясының тағы бір міндетті бөлігінің бірі - балаларды цифрлық технологиялармен таныстыру. Бұған көмек «Мультистудия әлемі» модулі. Бұл баланың өзі анимациялық фильмін жасау арқылы балалардың әртүрлі жобалардағы жұмысының нәтижелерін қорытындылауға және заманауи деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұған АКТ, цифрлық және медиа және өнімді технологияларды игеру арқылы қол жеткізуге болады. Мектеп жасына дейінгі балалар өздері ойлап тапқан ертегілерінің кейіпкерлерін ересектердің көмегімен өздері дайындап, өздері мультфильм түсіреді. Бір ертегіні дайындау үшін ұзақ еңбектенеді. Өз еңбегінің жемісін көргеннен артық бақыт бар ма? Балалардың қуанышты жүздері мен күлкісі педагогтерге де ары қарай ізденуге, еңбек етуге шабыт сыйлайды.

Еліміздің болашағы - бүгінгі жас ұрпақ..






Осы өскелең ұрпақты педагог тәрбиелеу-білім беру процесінде тиімді, әрі заманауи әдіс-тәсілдерді, технологияларды меңгеріп, оларды балалармен іс жүзінде қолданып,

тәжірибеге енгізсе, мектепке стандартта көзделген дағдылары қалыптасқан дайын түлек аттанатыны сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үлгілік оқу бағдарламасы;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
3. Үлгілік бағдарламаға нұсқаулық;
4. Төребаева К. Ж., Есенғұлова М. Н. Психологиялық-педагогикалық диагностика. Оқу құралы. - Алматы, 2012. – 304б.
5. Болотова А.К. Психология развития и возрастная психология. - Спб.: Питер, 2018.-478с.
6. Интеллектуальные умения и навыки по И. Л. Викентьеву. Источник: <https://cilekroom.ru/intellektualnye-umeniya-i-navyki-po-i-l-vikentevu>
7. Тихомирова Л.Ф. Формирование и развитие интеллектуальных способностей ребенка. - М.: Рольф, 2000. - 142с.




ӘЛЕУМЕТТІК-ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ




Мухиденова Жұлдыз Амантаевна


Астана қаласы
№33 «Алтын дән» балабақшасы МКҚК
әдіскері



Аршкенева Салтанат Абдалиевна

№33 «Алтын дән» балабақшасы МКҚК
инновация әдіскері

 **Аңдатпа.** Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесінде білім беру процесінің сапасына оң әсер ететін және мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті дағдыларының маңызды рөлін атқаратын әлеуметтік ойын технологияларын қолдану ерекшеліктері ашылады. Әлеуметтік-ойын стилі белсенді балаларды жолдастарының пікірін тануға үйретеді, ал ұялшақ және сенімсіз балаларға өздерінің шешімсіздігін жеңуге мүмкіндік береді.

 **Кілт сөздер:** Әлеуметтік (шағын топтар) - ойын технологиясы, шығармашылық өзін-өзі бекіту, еңбек рухы, алтын ережелер.

Бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі қоғамда болып жатқан процестермен байланысты. Бүгінгі таңда адам қоғам өміріне белсенді қатысу үшін, өзін тұлға ретінде жүзеге асыру үшін шығармашылық белсенділік, дербестік танытып, үнемі өзін – өзі жетілдіріп, дәстүрлі мәселелерден басқа үнемі жаңа нәрселерді білуі керек. Қазіргі жағдайда нені және қалай қалыптастыру керек деген басым проблеманы алға тартады: дамудың қазіргі кезеңінде қоғамның талаптарына жауап беретін адамды қалай қалыптастыру керек?.

Сондықтан бүгінгі күні баланың жеке басына, оның қалыптасуына әсер ететін процестерді талдауға ерекше назар аударылады.

Қазіргі қоғамның мәселесі - XXI ғасырдың балалары ата-аналарына қарағанда құрдастарымен аз, өте аз қарым-қатынас жасайды.

Кезінде олардың (ата-аналар) негізгі ойындары таза ауада топтық ойындар болған ғой. Ал, қазіргі балалар көбінесе үйде, компьютерде, теледидардың алдында уақыт өткізуді жөн көреді. Демек, бұл әрекеттен олардың қарым-қатынас жасау қабілеті төмендейді, денсаулығы нашарлайды, эмоционалдық жағдайы тұрақсыз болады.

Мектеп жасына дейінгі баланың толық және дұрыс дамуы мен тәрбиесінің көрсеткіштерінің бірі – құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау қабілеті. Бұл қасиеттерді бала көрсете алуы үшін сіз баланы ести білуіңіз керек. Баланың дауысы ерекше құнды: егер біз оны естімесек, ешқандай қызығушылық, ерік-жігер (қызметті игеру қабілеті), бастамашылық, өзгеруге дайындық болмайды. Осы қасиеттердің барлығының дамуына бізге «Әлеуметтік



ойын» технологиясы көмектесті, оның авторлары Е.Е.Шулешко, а.п. Ершова және В. М. Букатов.

Бұл «Әлеуметтік ойын» технологиясы біздің балабақшаның жұмыс бағытын айқындауға да септігін тигізді. Әуелі, біз алдымызға мақсат қойдық: әлеуметтік-ойын технологиясы арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды ұжымдық іс-әрекетпен айналысуына жағдай жасай отырып, командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Осы мақсатқа сәтті жету үшін біз келесі тапсырмаларды орындадық:

- мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілігі мәселесі бойынша әдістемелік әдебиеттер зерттелді және талданды;
- тәрбиелеу-білім беру кеңістігінде әлеуметтік ойын технологиясын іске асыру бойынша жұмыс жүйесі әзірледі;
- педагогтердің кәсіби құзіреттілік деңгейін, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, әлеуметтік-ойын технологиясын тәжірибеде жүйелі түрде қолдануға ынтасын арттыру;
- алынған нәтижелерді қорытындылады.

Балалармен жұмысты ұйымдастырудың формаларын, әдістерін, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруға мүмкіндік беретін инновациялық педагогикалық технологияларды анықтадық.

Күтілетін нәтиже: Балаларда көшбасшылық қасиеттер дамиды; бір-бірімен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді; құрдастарының көмегін сезініп, қорқыныш пен сенімсіздікті жеңеді; танымдық және зияткерлік, шығармашылық қабілеттері, қызығушылықтары артады; Бұл технология дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, балалардың коммуникативтік және интеллектуалдық қабілеттерін барынша қарқынды дамытады, балалардың танымдық, әлеуметтік, көркемдік, физикалық дамуына ықпал етеді, эмоционалды-ерікті салада оң нәтижелер береді.

Әлеуметтік-ойын технологиясының авторы В. М. Букатов педагогтерді балалармен осындай қарым-қатынас тәсілдерін іздеуге бағыттайды деген болатын: «Біз үйретпеуіміз керек, бірақ олардың қатысушылары бір-біріне және өз тәжірибелеріне сенгісі келетін жағдайды түзетуіміз керек, нәтижесінде ерікті жаттығу әсері пайда болады».

Авторлардың ойынша бірінші бөлімде «Әлеумет» - кіші әлеумет (шағын топтар), сондықтан дефис арқылы технология атауын дұрыс жазуды білдіреді. Екінші бөлім «ойын» - ойын әрекетін білдіреді.

Осылайша, әлеуметтік-ойын технологиясы – бұл микро ұжымдардағы балалардың өзара қарым-қатынасына, сондай-ақ ойын арқылы микротоптардың бір-бірімен қарым-қатынасына негізделген технология.

Әлеуметтік-ойын технологиясы - бұл қозғалысты, вариативтілікті және шағын топтардағы жұмысты біріктіруге мүмкіндік беретін педагогикалық өнер. Егер олардың біреуі ұйымдастырылған әрекетте болмаса, онда іс-әрекеттің технологиялық құрылымы тұрақсыз және сенімсіз болуы мүмкін.

Әлеуметтік ойын технологиясының алтын ережелері:

1-ереже: «шағын топтық жұмыс». Мұндай топтарда балалар өздерінің серіктесін, жұбын таңдайды, әртүрлі балалармен кездеседі және араласады, өз пікірлерін айтады және басқаларды тыңдайды. Бірлескен іс-әрекет әр балаға басқаларға қызықты болуға, өзін басқалармен салыстыра отырып, өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2-ереже: «көшбасшылықты өзгерту». Бүкіл топтың пікірін бір бала, көшбасшы білдіреді. Балалар көшбасшыны өздері таңдайды және ол үнемі өзгеріп отырады.

3-ереже: «орын өзгеруі (жағдай)», эмоционалды шиеленісті жеңілдетуге көмектеседі. Балалар ұйымдастырылған іс-әрекетте отырумен қатар, орнынан тұрып, серуендеп, қол шапалақтап, доппен ойнайды. Олар топтың әртүрлі бұрыштарында сөйлеседі: орталықта, үстелдерде, еденде, тынығу бұрышында, қабылдау бөлмесінде және т. б.

4-ереже: «қарқын мен ырғақтың өзгеруі». Балалар ойынға немесе тапсырмаға байланысты өз қарқыны және ырғағымен әрекет етеді. Бірнеше нұсқа болуы мүмкін: тапсырманы орындауға белгілі бір уақыт бөлінуі мүмкін және сигнал бойынша балалар тапсырманы орындай бастайды және сигнал бойынша да аяқталады. Немесе басқа нұсқа болуы мүмкін: шағын-топтағы әрбір бала өз қарқынымен өзіне ыңғайлы әрекет ете алады.

5-ереже – «барлық қызмет түрлерін біріктіру». Бұл қарым-қатынас, эмоционалды-ерікті сала бағытында оң нәтиже береді, дәстүрлі әдіспен салыстырғанда балалардың интеллектуалдық қабілеттерін қарқынды дамытады, сөйлеу, танымдық, көркемдік-эстетикалық, әлеуметтік, физикалық дамуға ықпал етеді. Тәрбиелеу-білім беру процесі ойын түрінде өтеді.

6-ереже: біз өз жұмысымызда: «Бір оқпен екі қоян көздедім» деген қағидаға назар аударамыз. Әлеуметтік-ойын бағытындағы ойындарды енгізудің белгілі бір дәйектілігіне сәйкес тәрбиешілер ұйымдастырылған және еркін әрекеттерді бірнеше топқа бөледі. Олар:

Жұмыс көңіл-күйіне арналған ойындар.

Ойын балалардың бір-біріне деген қызығушылығын оятады, баламен эмоционалды-жағымды байланыс орнатады және оның құрдастарына және оған деген достық қарым-қатынасын қалыптастырады. Мысалы, «Сиқырлы таяқша», «Жаңғырық», «Оркестрде ойнайық», «Скучно, скучно біз отырамыз», «Отырамын, біреуге қараймын», «Кеуде», «Қадам-шапалақ», «Тамақ ішкендерді ауыстырыңыз» балалар баптағаннан кейін бірлескен әрекет үшін келесі кезеңге өтуге болады.

1. Сергіту ойындары (қыздыру). Бұл топтың ойындары қол жетімділік принципін, бәсекелестік элементін және күлкілі жеңіл жеңісті біріктіреді. «Сөре-сөре кілттер қайда?», «Біз ұшамыз, ұшамыз, ұшамыз». Ойын қыздыру ойын ережелерін сақтауға, жүргізушінің (ересектің немесе құрдастың) сигналын тыңдай білуге бағытталған.

2. Әлеуметтік-ойын жұмысымен танысу ойындары. Материалды игеру немесе бекіту процесінде қолданылады. Егер балалар бір нәрсені ажыратуды, есте сақтауды немесе ұйымдастыруды үйренсе, онда олар осы топты құрайтын ойын тапсырмаларын орындау барысында үйренеді.

3. Шығармашылық өзін-өзі басқару ойындары. Бұл ойындарды орындау кезінде іс-әрекеттің көркемдік және орындаушылық нәтижесі көбірек ескеріледі. Балалар өздерінің көркемдік қабілеттерін және түрлендіру қабілеттерін көрсете алады, мысалы, «Үйшік» өлеңін оқып беріп, бірге қайталау. Балалар қол ұстасып, досына тақпақты қайталауға көмектеседі.

4. Еркін ойындар. Бұл ойындарды ойнау үшін кеңістік пен қозғалыс еркіндігі қажет, яғни оларды әрдайым топта орындау мүмкін емес. Біз қозғалмалы және дөңгелек би ойындарының барлық түрлерін кеңінен қолдандық. Олар балаларға психологиялық және белсенді демалуға ғана емес, сонымен қатар «Айгөлек», «Көпіршік», «Жасырынбақ» сияқты ойындардың жиналуына көмектесті. Кезектілікті белгілеу немесе жүргізушіні таңдау үшін санау әдісін жүргізу кезінде «Пойыз», «Ізден-ізге» және т. б.

Осы технологияның қарапайым ойындарын сәтті сынап көргеннен кейін, тәрбиешілер ойын мазмұнын күрделендірді: балаларды біріктірудің қарапайым әдісін қолдана отырып жұптасуға шақырды (мысалы, бөлінген суреттер, түсі, пішіні, геометриялық фигуралардың мөлшері, қарындасы (ағасы) бар, туған күніне сәйкес келетін жыл мезгілі, отбасы мүшелері, балалар тұратын көшелердің атауы, атауындағы буындардың саны, үй жануарларының болуы, шаштың, көздің түсі және т.б.).

Балалар қол ұстасып жұптасқанда, топ болып жүруді, айналу, бірге секіруді, алақандарын ұстауды, бір-біріне бұрылып, құшақтасуды ұнатады. Әр тапсырманы орындау кезінде олар көшбасшылыққа өздерін ұсынады, кезекпен немесе санамақ арқылы таңдалады. Ұялшақ және тыныш балалар өздерінің ортадағы орнын сезінеді және идеялармен бөлісу арқылы ортақ іске үлес қосқан топқа жататындығын сезінеді.


Біз өз нәтижелерімізде ұжымдық іс-әрекетте әлеуметтік-ойын технологиясын қолдана отырып, олар қоғамда қабылданған моральдық нормалар мен құндылықтарды игергенін; құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынастың негізгі ережелерін игергенін; өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті екенін; қарым – қатынастың негізгі эмоционалды компоненттерін, жауапкершілік, мейірімділікті игергенін атап өттік.

Қорытындылай келе, осы бағытта жүйелі, жоспарланған тиімділігін дәлелдегенін атап өтуге болады. Сондықтан, өз жұмысымызда әлеуметтік ойын технологиясын қолдануды

жалғастыра отырып, біздің тәрбиеленушілер «Балалар кеңістігін құру тәсілі ретінде тиімді әлеуметтену технологиясын қолдану» экспериментінің жаңа режимінде жұмыс істейді. Мұнда мектеп жасына дейінгі баланың өзін – өзі жүзеге асыруы «Клуб сағаты» технологиясын қолдана отырып, баланың жеке басының шығармашылық бастамасын қолдайтын ерекше кеңістік-балалар кеңістігін құрумен қамтамасыз етіледі. Біздің күтетін нәтижеміз: балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұжымды біріктіру, балалар арасында шығармашылық тобын құру, ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне тартудың жаңа формаларын қосу.

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
2. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің, лицейлері мен гимназияларының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаттар;
3. Ата-аналарды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбие-білім беру процесіне тарту: әдістемелік ұсынымдар. Астана, 2023 ж.
4. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың әлеуметтік ойын әдістерінің қалта энциклопедиясы: балабақшаның ересек және мектепалды топтары тәрбиешілерінің анықтамалық-әдістемелік құралы. Ершова В.А., Букатов П. Санкт-Петербург: білім беру жобалары; 2008ж -160 бет.
5. Балабақшаның білім беру кеңістігінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану // Республикалық ғылыми журнал «AGZHAN». Сабитова М.К. Нұр – Сұлтан. 2020ж, №2. С. 1-4.
6. Педагогикаға әлеуметтік-ойын тәсілдері. - Красноярск, 1990.-116 бет. Шулешко Е.Е., Ершова А.П., Букатов В.М.



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМДАМАНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



Тумаева Раушан Қабдолдаевна

Алматы қаласы Білім басқармасы
Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың
ғылыми-әдістемелік орталығы мектепке дейінгі
тәрбие мен оқыту бөлімінің жетекшісі

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттыру аясында жоспарлы, нысаналы жұмыстар жүргізіліп, нақты бағыттар берілуде. Балабақшада әдіскер қызметін естігенде жәй ғана бір ұйымдастырушы санатына қосатындай көрінеді. Алайда, бұл жай қызмет емес, нақтылық пен адалдықты, әділдік пен еңбекқорлықты, жаңа идея ұсынушы, жан-жақтылықты талап ететін қызмет. Әдіскерлікке бейімің, ынта-жігерің қызметіңе деген жауапкершілігің болмаса екінің бірі алып жүре алмайтын, қызығы мен қиындығы қатар жүретін маман иесі деп айтар едім.

«Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларын» жүзеге асырудың Жол картасы аясында Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен, Алматы қаласы Білім басқармасының ұйымдастырумен мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында 440 педагог біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

2024 жылғы тамыз айындағы біліктілікті арттыру курсы нәтижесінде 70 балабақша әдіскері «Әдіскер қызметінің заманауи моделі» тақырыбында жоба қорғады. Жоба қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинаған 20 әдіскер және Алматы қаласы Білім басқармасы мен әдістемелік орталығының 3 қызметкері 13-23 қазан аралығында «Табиғаттағы оқыту технологиясы: Польша мен Германияда мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің негізгі идеялары мен

педагогикалық тәсілдері» тақырыбында халықаралық тағылымдамадан өтті.

Польшадағы тағылымдаманың мақсаты – Польша елінің мектепке дейінгі білім беру жүйесін зерделеу, мектепке дейінгі білім беру сапасын жақсарту жөніндегі инновациялық бағдарламалармен, орман балабақшасының тұжырымдамасы және жүзеге асырылуымен танысу, табиғатқа бағдарланған оқу бағдарламасын енгізудің педагогикалық әдістерін, балаларға арналған әлеуметтік-интеграциялық іс-әрекеттермен танысу.

Германиядағы тағылымдаманың мақсаты – Германия елінің мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жүйесінің негіздері және құрылымдарымен, сондай-ақ, неміс мектепке дейінгі ұйымдарында қолданылатын инновациялық тәсілдер, іс-тәжірибелер және Фребель балабақшалары жұмысының әдістемелері, принциптерін зерделеу. Германиядағы инклюзивті мектепке дейінгі білім беру тәжірибесін зерттеу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың тиімді әдістерімен танысу.

14-17 қазан аралығында тағылымдама шеңберінде оқыту Польша елі Белосток қаласында поляк орман балабақшалары институты мен Przedszkole Leśne Puszczyk балабақшасының базасында «Орман балабақшалары педагогикасы», «Мектепке дейінгі білім берудегі тиімді тәжірибелер мен инклюзия» тақырыптары бойынша және Варшава қаласында Польшаның тәрбие және инклюзивті білім департаментінде, Я.Коменскийдің



балаларды дамыту Қорында мектепке дейінгі білім беру жүйесі, сапа стандарттары, мектепке дейінгі білім берудегі тәлімгерлік тақырыптары бойынша семинар, тренинг, воркшоптар ұйымдастырылды.

Поляк орман балабақшалары институтының Przedszkole Leśne Puszczyk орман балабақшасы 2015 жылы директор Дарота Заневская мен меңгерушісі Агата Преустың басшылығымен ашылған. Орман қорығының қақ ортасында орналасқан орман балабақшасы - бұл балалар табиғатпен үйлесімді дами алатын ерекше білім беру ортасы. Ашылған сәттен бастап ол әр балаға тек оқуға ғана емес, сонымен бірге табысты әлеуметтену үшін қажетті өмірлік дағдыларды қалыптастыра отырып, қоршаған әлеммен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін орынға айналған.

Жалпы табиғат баланы тәрбиелейді, табиғат балаға көбірек ақпарат береді, табиғи материалдармен жұмыс жасау арқылы баланың денсаулығын нығайтуға басымдық берілетінін байқадым. Ормандағы балабақшаларда бекітілген күн тәртібі жоқ, түскі ас ресторандардан тапсырыс арқылы келеді. Бала балабақшада ұйықтамайды. Еркін ойын тәсілдері. Басты білім беру процесі орманда жүргізіледі. Арнайы жоспарланған тақырып бойынша емес, баланы қызықтыратын тақырыптар, таңғы шеңберде жоспарланады.

Біздің әдіскерлер орман балабақшалары педагогикасымен танысып, тренингтер мен ойындарға белсенді қатысып, балалардың физикалық белсенділігі мен табиғатпен өзара әрекеттесуінің маңыздылығын іс жүзінде сезінуге мүмкіндік алды.

Сонымен қатар, Варшава қаласындағы балабақшаларға бардық. Әдіскерлер 2 топқа бөлінді, әр топ «Dzieci maja wuchodne» (Балаларда демалыс күн) бағдарламасын жүзеге асыруға қатысты. Бірінші топ жақын маңдағы саябақта балаларды бақылады. Әдіскерлердің екінші тобы балабақшаға білім беру ортасының барлық кабинеттері мен балабақша бақшасына экскурсия жасады. «Балаларда демалыс» - бұл бастауыш мектептер мен балабақша педагогтеріне арналған балаларды дамыту Қорының өзіндік бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады екен.

2024 жылғы 18-22 қазан аралығында тағылымдама шеңберінде оқыту Германияда, Берлин қаласында «Мектепке дейінгі білім департаменті» базасында «Германияның мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жүйесі: Практика және инновация», инклюзивті балабақша (Bewegte Kita - Integrative Kindertagesstätte), мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына сапарлар жасау арқылы және «Берлиндегі Die Fröbel Akademie» білім беру орталығының базасында өтті. Балабақша әлеуметтік педагогтері мектепке дейінгі ұйымы туралы ақпаратпен қуана бөлісті. Балабақшада әртүрлі ұлттардың 135 баласы тәрбиеленеді. Балалардың негізгі тілі - отбасы тілі. Сондықтан, әр педагог баланың тілінде жұмыс жасайды. Балабақша тәрбиеленушілері топтарға бөлінбейді, балалар аралас жас болғандықтан бір-біріне үлгі, қамқор бола алады. Топтарда ойыншықтар өте аз, яғни балалардың дамуы өздеріне байланысты ойлау қабілеті, зейіні мен шығармашылығына байланысты. Тәрбие мен оқыту мақсатын іске асыру үшін балалардың күн тәртібі мен оқу процесін таңдау мүмкіндігі басты назарға алынады екен.

Сонымен қатар, «Каштан астында» Sonnenkafer деп аталатын жеке балабақшаға тәжірибесімен таныстық. 2005 жылы 50 жылдық тарихы бар, 30 жыл мемлекеттік қазіргі таңда жекеменшікке өткен балабақша екен. Педагогтер қалауларынша аптасына 20 немесе 40 сағат жұмыс істейді. Балабақша шағын, таза, визуалды әсері эстетикалық талғамға сәйкес. Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті еркін, олардың қалауын ескере отырып, оқыту жүргізіледі. Әр бала өз қабатындағы асханаға кіріп, өз бетінше су, сусын, тамақ ішеді, содан кейін ыдыстарын жинап кетеді.

«Каштан астында» халықаралық балабақшаға бару ерте білім берудегі интегративті тәсілдің маңыздылығын, тілдерді үйренуді ойын және белсенді әлеуметтенумен қалай тиімді үйлестіруге болатындығын көрсетті. Бұл тағылымдама әдіскерлерді өз тәжірибелерінде жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдануға, көптілді оқыту принциптерін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Берлиннің білім Департаментіне сапар біз үшін Германиядағы мектепке дейінгі білім

беру жүйесі туралы құнды ақпарат көзі болды. Германия елінде жоғары оқу орындары арнайы балабақша мамандарын дайындамады тек әлеуметтік педагог ретінде білім алатындығын айтты. Германия елінде ерекше білім беруді қажет ететін бала бар отбасында арнайы педагог бөлініп баламен жеке жұмыс жасайды және қаржы өкімет тарапынан төленеді екен. Дөңгелек үстел барысында Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру саласы бойынша да ақпараттар беріп, кері байланыс жасадық.

Тағылымдаманың соңғы күні Берлиндегі Fröbel академиясы мен Fröbel мектепке дейінгі мекемесінің (Фребель академиясы) базасында «Фребель әдісі: практика, философия және тәлімгерлік» тақырыбы бойынша болды. Берлиндегі «Die Fröbel Akademie» - мектепке дейінгі және мектептегі білім беру саласындағы педагогтердің кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыруға маманданған жетекші білім беру орталығында өтті. Академия Германиядағы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру қызметтерін ұсынатын ең ірі ұйымдардың бірі - Fröbel желісінің бөлігі болып табылады.



Академия 200 жыл бұрын бақшаны ойлап тапқан Фридрих Фребельдің есімімен аталады. Кездесу Фребель академиясының өкілдері Ф.Фребельдің қазіргі мектепке дейінгі білім берудегі маңыздылығын атап айттып негізгі мақсаттары баяндалды және Фребель әдісінің дәстүрлері мен негіздері туралы ақпарат берілді. Фребель академиясында 240-тан астам балабақша мен оқу орталықтары бар және балабақша мен мектептен тыс орталықтардың ең ірі жеткізушілерінің бірі, сонымен қатар, балабақшаның ең ықпалды қорғаушыларының бірі болып табылады. Спикерлердің презентациясынан кейін Фребель академиясы мен балабақшасына экскурсия ұйымдастырылды. Тәжірибелік сабаққа және тренингке қатысу әдіскерлер үшін ерекше құнды тәжірибе болды. Әдістемені практикалық

қолдануға баса назар аудара отырып, қатысушылар білім беру ортасымен және дамытушы материалдармен өзара әрекеттесудің бірегей тәжірибесін бақылады. Тағылымдама Еуропадағы мектепке дейінгі білім берудің озық әдіс-тәсілдерімен танысуға бірегей мүмкіндік берді.

Тағылымдамадан өту әдіскерлер үшін өздерінің тәжірибесінде жаңашыл тәсілдер мен технологияларды кіріктіре отырып енгізу, жаңа жобалармен жұмыс жасау, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттыруда педагогтерді әдістемелік қолдау қызметін жақсартуға ықпал ететін мүмкіндік деп білемін. Сондай-ақ, Польша мен Германияда халықаралық тағылымдаманы сәтті аяқтағаны туралы әдіскерлерге сертификат табысталды.

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В ЭПОХУ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ: ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ



Кошанова Зауреш Аманкосовна

г.Уральск
Высший педагогический колледж им.Ж.Досмухамедова
заместитель председателя УМО по профилю «Образование»



Шагиева Нина Николаевна

г.Уральск
Высший педагогический колледж им.Ж.Досмухамедова
педагог



Аннотация. Искусственный интеллект в дошкольном образовании представляет собой инновационный инструмент, который оказывает значительное влияние на образовательные процессы и способствует их цифровой трансформации. Применение ИИ открывает новые перспективы для организации образовательного пространства, где дети могут обучаться, играя, а воспитатели - раскрывать весь спектр педагогических возможностей. Использование ИИ в обучении включает не только адаптивные образовательные программы, направленные на индивидуализацию обучения и развитие когнитивных навыков, но и внедрение интерактивных технологий, таких как виртуальные помощники, которые стимулируют познавательный интерес и эмоциональную вовлеченность детей.



Ключевые слов: искусственный интеллект, дошкольное образование, цифровизация, индивидуализация, интерактивные технологии, когнитивные навыки, мотивация.

В современном мире цифровая трансформация стала ключевым фактором изменения в различных областях жизни, включая образование. Искусственный интеллект (далее - ИИ), как одна из ведущих технологий в этом процессе, приносит значительные изменения, меняя содержание организованной деятельности, управления и организации воспитательно-образовательного процесса. Его использование открывает новые возможности для повышения качества предметно-развивающей среды, индивидуализации подхода и улучшения взаимодействия с детьми дошкольного возраста.

ИИ предоставляет широкие возможности для дошкольного образования. Он позволяет индивидуализировать обучение, создавая адаптивные программы, которые учитывают уровень развития каждого ребенка. Использование интерактивных роботов-помощников или виртуальных педагогов усиливает вовлеченность детей в воспитательно-образовательный процесс. Технологии ИИ поддерживают инклюзивное образование, позволяя разрабатывать индивидуальные траектории обучения для детей с ограниченными возможностями, предлагая специализированные упражнения и задания.

Сегодня имеется огромное количество трудов по вопросам цифровой трансформации образовательной среды организаций образования (Кайпбаева Ж.Ш., Ибраева А.Б., Егембердиева С.М., Дюсембаева Г.Т., Нурмаганбетова В.И., Пискунова О.С., Дарманская И.В., Потылицына С.В., Калугина Т.В., Балтынова А., Тулекеева С. и др.), по искусственному интеллекту (Абыканова Б.Т., Бархатов В.С., Положенцева И.В., Шарков Ф.И., Ходжаева Д.Ф., Омонов А.А., Тугизбоев Ф.У., Цыбань И.К., Салахунов А.А. и др.).

В то же время нами выявлена недостаточная разработанность проблемы формирования профессиональных компетенций воспитателей дошкольных организаций при внедрении технологий ИИ в воспитательно-образовательный процесс. На сегодняшний день существует необходимость в разработке теоретической основы и организационно-методических условий подготовки воспитателей к использованию ИИ в условиях цифровой трансформации предметно-пространственной развивающей среды.

Эксперимент проводится с 2022 по настоящее время. Количество участников эксперимента – 144, из них: 48 воспитателей, 92 студента, 2 руководителя педколледжа. Целью экспериментального исследования является изучение влияния технологий ИИ на воспитательно-образовательный процесс в дошкольных организациях, с особым акцентом на формирование профессиональных компетенций у воспитателей и студентов, а также развитие когнитивных, коммуникативных и творческих навыков у детей. Для достижения цели были такие задачи, как оценить эффективность применения технологий ИИ в образовательной среде через сравнительный анализ формирования профессиональных компетенций у воспитателей и результатов детей, обучающихся с использованием ИИ, и детей, обучающихся по традиционным методикам; исследовать влияние ИИ на развитие навыков, включая когнитивные (внимание, память, логическое мышление), коммуникативные (речь, взаимодействие) и творческие (воображение, художественные способности).

Исследование ставило задачу оценить возможности интеграции ИИ в практическую деятельность воспитателей, а также студен-

тов специальности «Дошкольное воспитание и обучение» в период практики, чтобы выявить их роль в адаптации и внедрении новых технологий. В настоящее время проведен контрольный срез по итогам работы за этот период. Итоги контрольного среза будут служить для дальнейшего совершенствования содержания и методики.

Работа за данный период состояла из трех этапов – констатирующий, формирующий и контрольный, также были определены конкретные задачи каждого этапа по реализации задач эксперимента.

На констатирующем этапе разработаны критерии и показатели ожидаемых результатов, инструментарий измерения, диагностика текущего состояния.


На формирующем этапе разработаны содержание и методика обучения, обеспечивающие развитие цифровых компетенций.

Контрольный этап эксперимента был нацелен на подведение итогов, который показал положительные результаты проведенного эксперимента и небольшую динамику развития профессиональных компетенций воспитателей дошкольных организаций, и студентов специальности «Дошкольное воспитание и обучение».

Методами исследования определены систематизация, анализ литературы и научно-методических источников по теме исследования, анкетирование воспитателей и студентов; методы сопоставления, статистические и математические методы.

На подготовительном этапе были выбраны технологии для использования в эксперименте, включая интерактивные игры, голозовые помощники и приложения для развития творческих навыков.

Дети экспериментальной группы обучались с использованием технологий ИИ. Организованные деятельности включали упражнения на развитие речи, математических навыков и творческого воображения. Контрольная группа занималась по традиционным программам. Студенты сопровождали процесс, предоставляли помощь детям и проводили промежуточные наблюдения.



По завершении эксперимента были собраны и проанализированы данные о прогрессе детей в обеих группах. Также оценивалась профессиональная подготовленность студентов, их участие в организации взаимодействия с детьми. Результаты эксперимента продемонстрировали высокую эффективность использования ИИ в воспитательно-образовательном процессе. У детей экспериментальной группы наблюдались следующие изменения: навыки счёта и анализа улучшались на 25% быстрее, чем в контрольной группе. Использование голосовых помощников способствовало активному развитию речи: дети стали чаще использовать сложные фразы, повысили словарный запас, также дети демонстрировали большее разнообразие и сложность в своих творческих работах.

Участие студентов педагогических колледжей в эксперименте способствовало их профессиональному росту. Они получили навыки использования технологий ИИ в педагогической практике, научились разрабатывать методики, адаптированные под особенности использования искусственного интеллекта (Gamma, MagicSchool, Gemini, Twee.com, Gliglish.com и др.), что включало в себя создание образовательных программ, разработку интерактивных учебных материалов, проведение тренингов и мастер-классов по работе с такими инструментами, как интерактивные панели, платформы для создания адаптивных игр. Также была внедрена система диагностики развития детей с использованием ИИ, которая позволяла объективно оценивать динамику их развития.

В ходе исследования выявлено многообразие применяемых воспитателями дошкольных организаций и студентами стратегий, методов, цифровых технологий на организованных деятельности и отмечалась заинтересованность в применении ИИ с целью улучшения своей профессиональной деятельности. Оценка уровней воспитателей и студентов по данным критериям проводилась по 10-ти балльной шкале, были определены конкретные критерии, такие критерии как техническая компетентность, аналитические навыки, гибкость и адаптивность.

И если начальный уровень навыков работы

с искусственным интеллектом по каждому критерию показывал от 3-х до 5-ти баллов, то анализ полученных результатов и подведение итогов внедрения ИИ в воспитательно-образовательный процесс показал небольшую динамику развития навыков до 5-8 баллов из 10-ти. Несмотря на то, что наблюдаемый рост может быть незначительным, он является достаточным для подтверждения эффективности применения данной технологии в образовании. Инструментарий для измерения и диагностики текущего состояния включал в себя анкетирование, интервьюирование, наблюдение и сбор и анализ статистических данных.

Результаты исследования подтверждают значимость искусственного интеллекта в дошкольных образовательных организациях. Теоретическая значимость исследования заключается в обосновании роли искусственного интеллекта в цифровой трансформации дошкольного образования, а практическая значимость состоит в разработке и апробации подходов к внедрению, способствующих созданию комфортной и развивающей среды для детей. Участие в таких исследованиях способствует развитию профессиональных компетенций и готовности к работе в условиях цифровой трансформации образования.

Использование ИИ в дошкольных организациях образования обладает огромным потенциалом для повышения качества воспитательно-образовательного процесса, индивидуализации подходов и формирования цифровой культуры с раннего возраста. Искусственный интеллект предоставляет широкие возможности для дошкольного образования, становясь катализатором новых подходов к обучению и развитию детей. Одним из ключевых преимуществ ИИ является его способность интегрировать аналитические инструменты для индивидуализации обучения, создавая адаптивные программы, учитывающие уровень когнитивного и эмоционального развития каждого ребенка. Более того, в дошкольном возрасте, когда формируются основные когнитивные навыки, такие как память, внимание и мышление и внедряются элементы геймификации и интерактивного взаимодействия — это важно для поддержания высокой мотивации ребенка.




Основные рекомендации для успешной интеграции технологий включают внедрение пилотных проектов по использованию искусственного интеллекта в дошкольных организациях, разработку доступных программ и приложений, ориентированных на потребности детей дошкольного возраста, а также проведение разъяснительной работы среди родителей для повышения их информированности.

Таким образом, исследование показало, что использование технологий искусственного интеллекта в воспитательно-образовательном процессе дошкольных организа-

ций оказывает положительное влияние на развитие профессиональных компетенций воспитателей и способствует улучшению когнитивных, коммуникативных и творческих способностей дошкольников, обеспечивая индивидуализированный подход к обучению и адаптацию материала под потребности каждого ребенка. Интеграция технологий ИИ в образовательную практику открывает новые возможности для повышения качества образования и развития профессиональных компетенций воспитателей, что является важным шагом к модернизации образовательной среды.

Список использованных литератур


1. Абыканова Б. Т. и др. Системы на основе искусственного интеллекта в педагогическом образовании: возможности и последствия //Вестник Атырауского университета имени Халела Досмухамедова. – 2024. – Т. 71. – №. 4. – С. 59-72.
2. Пискунова О. С. Цифровая трансформация в условиях современного образовательного процесса. – 2023. – С. 897-900
3. Салахунов А. А. Искусственный интеллект и будущее трудового рынка: Вызовы, Возможности и Перспективы //Вестник науки. – 2023. – Т. 2. – №. 7 (64). – С. 50-55.
4. Ходжаева Д. Ф., Омонов А. А., Тугизбоев Ф. У. Проблемы, с которыми можно столкнуться при внедрении искусственного интеллекта //Наука, техника и образование. – 2021. – №. 5 (80). – С. 23-26.
5. Цыбань И. К. Искусственный интеллект в образовании – возможности и перспективы //Приоритетные направления развития науки и образования. – 2021. – С. 54.
6. Шарков Ф. И. и др. Новые коммуникационные тренды в образовании: цифровые технологии и искусственный интеллект //Коммуникология. – 2022. – Т. 10. – №. 3. – С. 67-86.




ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ЦИФРОВИЗАЦИЯ В ДЕТСКОМ САДУ



Умарова Асемгуль Темиргалиевна
Акмолинская область, г. Есиль
ГККП «Ясли- сад №1 «Гүлдер»
методист

 **Аннотация.** Информационные технологии (ИТ) стремительно проникают во все сферы жизни, включая образование. В последние годы детские сады начинают активно внедрять ИТ, осознавая их пользу для развития детей, организации работы персонала и взаимодействия с родителями. Одновременно с этим возрастает необходимость цифровизации образовательного процесса, что подразумевает смещение акцента с жёсткой структуры и правил на более гибкие, индивидуализированные подходы. В этой статье мы рассмотрим, как информационные технологии способствуют цифровизации образовательного процесса в детских садах.

 **Ключевые слова:** Информационные технологии, цифровизация, дети дошкольного возраста, программное обеспечения интерактивные игры.

Актуальность использования информационных технологий в современном дошкольном образовании определяется стремительным развитием информационного общества и широким использованием мультимедийных технологий, электронных информационных ресурсов и сетевых технологий как средство обучения и воспитания.

Теоретическое обоснование необходимости использования информационных технологий в развитии воспитании детей осуществлено в работах отечественных ученых: А.В. Запорожец в работе «Проблема дошкольной игры и ее обучение в воспитательных целях» в своей работе «Использование компьютера как средства познавательного развития детей приводит подробные примеры; С.Л. Новоселова в книге «Проблемы информатизации дошкольного образования» утверждает, что внедрение компьютеров в систему средство обучения в детских садах может стать мощным фактором обогащения интеллектуального, эстетического, нравственного и физического развития детей; Д.Б. Богоявленская показала, что дети, занимающиеся компьютерными играми по

специально построенной системе, имеют более высокий потенциал интеллектуального и творческого развития.

Информационные технологии в детском саду

ИТ в дошкольных организациях помогают создавать новую образовательную среду, ориентированную на интересы и потребности детей. Примеры использования технологий включают:

1. Интерактивные доски и планшеты. Эти устройства способствуют активному обучению через игры, развитие моторики и познавательных способностей. Дети могут решать задачи, выполняя интерактивные задания, что делает процесс более увлекательным.

2. Электронные дневники и приложения для родителей. Это решение позволяет родителям быть в курсе расписания, успеваемости и поведения ребёнка, а также получать уведомления о важных мероприятиях. Таким образом, ИТ облегчают коммуникацию между детским садом и семьёй.

3. Рабочее пространство для всего сообщества детского сада, (например Notion.io). На страницах данного программного обеспечения наш сад реализовал внутреннее рабочее пространство. Весьма удобно в работе с педагогами и родителями использовать данный ресурс. В нем предусмотрено множество возможностей именно для педагогической работы (отдельные страницы, таблицы баз данных, базы данных в виде календаря, карточек, табличный вид, тоггл листы, множественный выбор импорт и экспорт документов формата PNG; SVV; DOCX; DOCM; JIPEG ;VIDEO)

4. Программное обеспечение для управления образовательным процессом. Системы планирования и учёта помогают воспитателям лучше организовывать организованную деятельность контролировать посещаемость и оценивать результаты каждого ребёнка. Здесь мы также прибегли к использованию рабочего пространства Notion.io.

5. Игровые обучающие программы. Воспитатели могут использовать обучающие игры и приложения, чтобы разнообразить образовательные программы и способствовать развитию ключевых навыков у детей — от логики до социального взаимодействия. В текущем учебном году, в данном направлении наш сад приступил к разработке развивающих игр для воспитанников на конструкторе интерактивных упражнений Learningapps.org.

6. Визуально-графические программы, моушн-дизайн (Adobe after effect; Adobe illustrator) помогают создавать видеоклипы, анимацию, 3D рисунки. Графический дизайн увлекает детей, поскольку существует возможность своими руками нарисовать героя и импортировав его в программу рассказать о нем красочную историю.

Цифровизация воспитательно-образовательного процесса

Цифровизация в контексте дошкольного образования означает отказ от жестких правил и стандартов в пользу индивидуально-подхода, гибкости и свободы творчества. Для детей дошкольного возраста важнее не столько чёткая структура развития, сколько свобода самовыражения, возможность са-

мостоятельно изучать окружающий мир через игру и опыт.

В настоящее время окружающее цифровое пространство стало неотъемлемой составляющей жизни ребенка, начиная с раннего возраста. Источником формирования представлений ребенка об окружающем мире, общечеловеческих ценностях, отношениях между людьми становятся не только родители, социальное окружение и образовательные организации, но и медиаресурсы. Для современных детей познавательная, исследовательская, игровая деятельность с помощью компьютерных средств является повседневным, привлекательным занятием, доступным способом получения новых знаний и впечатлений. Нас не удивляет то, что планшеты и телефоны являются игрушками детей, сидящих в колясках и на коленях у родителей.

С раннего возраста дети осваивают электронные устройства, знают, на какую кнопку нажать. И для взрослых это удобно: не нужно утруждать себя общением с ребенком. Дети привыкают, что электронные устройства служат игрушками. Но спектр их возможностей значительно шире.

Потребности и интересы детей учтены в основных нормативных документах в области образования, где ключевой задачей является повышение качества и доступности образования, в том числе, посредством организации современного цифрового образовательного пространства.

Требования по использованию ИКТ в работе с детьми дошкольного возраста.

Использование ИКТ в дошкольных организациях требует тщательной организации, как самих деятельности, так и всего режима в целом в соответствии с возрастом детей и требованиями Санитарных правил. При планировании деятельности нужно учитывать условия и требования к использованию информационно-коммуникационных технологий в воспитательно-образовательном процессе и не допустить следующие ошибки:

- несоблюдение санитарно-эпидемиологических правил,

- неправильное определение дидактической роли и места ИКТ в образовательной деятельности,
- бесплановость, случайность применения ИКТ, нередко происходит перенасыщение анимацией, слайдами, рисунками, несоответствие возрасту детей.

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы. Астана: 2021.
9. Құрманғазина, Г. Т. Мультимедиалық технологиялар арқылы балабақшада оқыту. Педагогика журналы, №4, 2020.
10. ЮНЕСКО. Мектепке дейінгі білім берудегі цифрлық сауаттылық. Париж: ЮНЕСКО баспасы, 2019.



БАҚЫТҚА ТОЛЫ МАМАНДЫҚ



Жұманбай Калимат

Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Аққу» бөбекжай» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны тәрбиешісі



Аңдатпа. Бұл мақалада балалардың балабақшаға бейімделуі, тәрбиешімен балалар арасындағы ерекше қарым-қатынасы, кішкентай балдырғандарды жеке тұлға болып қалыптасуға ықпал ету қарастырылады.



Түйін сөздер: Тәрбиеші, балалар, бақыт мекені балабақша.

Балабақша-бақыт мекені, иә нағыз бақыт мекені. Балабақша есігіне екі жастан бастап келген сәттері әлі есімде, жүрегімде. Сол сәтке оралайыншы, рас балалардың таң атысымен тәтті ұйқыларынан, жылы төсектерінен, тұра салып келуінен басталады. Басқа бұрын соңды болмаған әлемге тап болу түсініксіз болып көрінеді, әрі аналарысыз қорқынышты. Сол уақытта ғажайып сиқыршы тәрізді қастарынан табылатын, ананың орына ана бола білетін тәрбиеші мамандар. Балаларға деген жылы құшақтарын ашып, жылы сөздерімен еркелетіп, бауырларына басуы балапандардың жүректерін бір сәтке тыныштандырғандай болады. Балақайлар мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынас жақсара түскен сайын, құдды гүлдер ашыла бастағандай болады. Жан-жақтың барлығы нұрланып, шаттанып, қызыққа толы сәттері, төп-тәтті түрлері, былдыр-былдыр тілдері, шығып қуанышқа бөлейді. Осылай күндер өтіп балаларымыз бақыт мекендеріне еш қорқынышсыз келе бастауы олда бір керемет сезім.



Балалардың балабақшаға бейімделумен бірге, олардың жеке тұлға болып қалыптасуы, қоғамға, қоршаған ортада тіл табыса білуінің негізін қалаушы отбасынан кейінгі ол әрине-балабақша. Тұлға ретінде ой-саналары, сөздік қорлары, денсаулықтары, дамулары жоспарлы түрде өтеді.



Таңғы жаттығулар, мәдени-гигиеналық шаралар, балалардың бойларының өсуіне, дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуына, дені сау, шымыр, батыл ұрпақ тәрбиелеу ел болашағы болуының іргетасын қалаушы-тәрбиеші. Таңғы асымыз балапандарға нәрленіп, күш қуаттанып жүрулеріне, өсіп дамуларына көп сеп болады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы балалардың ой-өрістерін кеңейту, дербестікке баулу. Қызықты дидактикалық ойындар, қимылды ойындар ойнату арқылы балалардың тәрбиелеу-білім беру процесіне деген қызығушылығы мен құштарлығын дамытамыз. Түскі асымыздан кейін балаларымыз тәтті ұйқыларына жатады. Ұйқыдан кейін бос уақыттарына қызықты сюжетті-рөлдік ойындар ойнап, сахналық қойылымдар көрсетіп бірге уақыт өткіземіз. Ертегі кейіпкерлерімен сурет арқылы таныстырып, әңгімелейміз. Осылайша, балалардың ертегілерге деген қызығушылықтарын оятамыз. Ертегілер олар үшін ерекше сиқырға толы әлем болып көрінеді, кейіпкерлердің жағымдысы оларға жақсы болып көрінеді және сол кейіпкерді қайталауға тырысады, ал жағымсыз кейіпкер оларға ұнамайды немесе қорқынышты, жағымсыз кейіпкер болып көрінеді. Осылайша, балаларды жақсы, жаман қасиеттерге тәрбиелейді. Осы кіп-кішкентай ба-

лалардың аман-есен өсуі тікелей отбасымен балабақша арасындағы қарым-қатынасқа да байланысты.


Балабақша-бақыт мекені деп текке айтпаған, өйткені балалар осы жерде шынайы эмоциямен қуанып, шаттанады. Осы бақыт мекеніндегі ана орнына ана болып отырған тәрбиеші апайлардан жауапкершілікті талап ететіні сөзсіз. Әр үйдің еркесі мен серкесі болып отырған балаларды бір мекенге тоғыстырып, бір үйдің баласындай тәлім-тәрбие беретін-ол әрине, тәрбиеші. Зымыраған уақытпен бірге жарысып өсіп келе жатқан, кеше ғана былдырлаған шөжелер бүгін міне, үлкен болашағынан үміт арттыратын жас ұрапқтар болып өсуде. Баптаған қырандарымыз, балапандарым, ұядан ұшар сәттерінде алыс емес. Иә, кеше ғана қалай өсер екен деген ой болып еді, міне, оғанда көзім жетті, ойласам ой елегінен өткізіп, қимастық сезім жүректі тулайды. Әрқайсысы өз баламдай, бірақ уақыт келгенде, бақыт мекенінен білім ордасына барады.

Міне, балабақша нағыз балалықтың жұпар иісі аңқыған, қызыққа, қуанышқа, бақытқа толы мекен, сол мекенде қызмет ететін бақытты жанның бірі-тәрбиеші мен болам.



Әдебиеттер

1. Адаева С.Г., Саданова Ж.К. «Халықтық педагогика арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын арттыру ерекшеліктері» // Вестник КАСУ №1–2005ж.
2. Бағдарлама «Біз мектепке барамыз».
3. Беркімбаева Ш.К., Қалиев С. «Қазақ тәлімінің тарихы». – Алматы: ҚызПИ – 2005 ж.
4. Қабдолов.З «Сөз өнері».Алматы:«Санат» ,2007.2-6 бб.
5. Қазақ балалар ауыз әдебиеті «Алтын абдыра». Алматы: «Балауса», 2007. 13-17 бб.
6. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. «Этнопедагогика» Астана. 2005 ж.
7. Қалиев С. «Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы». – Алматы: «Білім» 2004 ж. 17-21 бб.
8. Махамбетова Н. «Ауыз әдебиеті – ұғымдық шығарма». // «Бала мен балабақша». Республикалық педагогикалық журнал, № 7, 2011. 21-23 бб.





ДӘСТҮРДЕН ТЫС СУРЕТ САЛУ ӘДІСТЕРІНІҢ БІРІ-АРТ-ТЕРАПИЯ



Калыкулова Дилдайым Мухтарбековна

Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Састөбе ауылы
«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның тәрбиешісі



Аңдатпа. Бұл мақалада арт-терапияның басты бағытының бірі бейнелеу өнері арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін, дәстүрден тыс сурет салу құралдарын қолдану арқылы дамыту жолдары, сурет салудың дәстүрден тыс әдістері, яғни, балаларды қызықтыратын, еліктіретін іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері, шығармашылық белсенділікті, қол бұлшықеттерін дамыту, өзін-өзі дамыту қажеттілігін арттыруға бағытталған дәстүрлі емес сурет салу техникалары ойластырылып, ұсынылған.



Түйін сөздер: саусақпен сурет салу, алақанмен сурет салу, монотипия, шашырау, қағаз кесектерімен сурет салу, дымқыл қағаздағы сурет, штамптау, граттаж, пуантилизм.

Арт-терапия түрлерінің бірі бейнелеу өнері – мектеп жасына дейінгі балаларды сурет салу процесінде коммуникативті, тілдік, зияткерлік және көркемдік қабілеттерін игеруге бағытталған. Сондай-ақ, қоршаған әлемді жағымды-эмоционалды қабылдауды қалыптастыру, көркемдік талғамға, бейнелеу өнеріне деген қызығушылыққа тәрбиелеуге негізделген.

Бейнелеу өнері әртүрлі материалдар мен техникаларға ие. Көбінесе балаға қиялын білдіру үшін әдеттегі, дәстүрлі әдістер мен құралдар жеткіліксіз. Сурет салудың дәстүрден тыс әдістері материалдар мен құралдардың ерекше үйлесімін көрсетеді. Мектеп жасына дейінгі балаларда көркемдік бейнені қалыптастыру даму іс-әрекетіне практикалық қызығушылық негізінде жүреді. Мақсаты балалардың шығармашылық қабілеттерін, дәстүрлі емес сурет салу құралдарын қолдану арқылы дамыту болып табылады.

Сондықтан жаңа әдіс ретінде дәстүрлі емес сурет салу техникаларын ұсынамын: саусақпен сурет салу; алақанмен сурет салу; монотипия; шашырау; қағаз кесектерімен сурет салу; дымқыл қағаздағы сурет; тұз, манка жармасын, түрлі-түсті құмды пайдалану арқылы сурет салу; шаммен сурет салу;

штамптау; граттаж; пуантилизм.

Саусақпен сурет салу. Бастапқыда балалар нүктенің, жағындығының және спиральдің техникалық тәсілдерін меңгереді, содан кейін түстің, ырғақтың және кеңістіктік композицияның сезімін дамыта отырып, түстерді араластырып, қажетті колористік орындауға қол жеткізуге үйренеді.

Алақанмен сурет салу. Балалар алақанының іздеріне негізделген, ерте жаста алақанды бояуға жай ғана салады, ол үшін кең табақшалар қолданылады.

Монотипия. Суреттің айналы-симметриялық көрінісі. Кішкентай балалармен суретті негізден (целлофан, пластикалық бет, фольга) қағаз парағына көшіру әдісі қолданылады. Заттық монотипия: мәнерлеу жолы – дақ, түс, симметрия. Бейнелеуді алу әдісі: балалар қағазды екі бөліп және екінші жағына затты бейнелеп суретін салады. Заттық симметрия таңдайды. Сурет салғаннан кейін заттық бөлігі бояулары кетпей тұрғанда, қағаз қайтадан екіге бөліп жабады.

Шашырау. Қатты немесе жай щетканы бояуға батырып алып, содан кейін қағазға щетканың көмегімен бояуды шашыратады.



Осылайша, шашыраған тамшылардың әсері шығады.

Қағаз кесектерімен сурет салу. Бұл өте қызықты сурет салу техникасы, ол кішкентай суретшілерге қиял мен еркіндікке жол береді. Қызықты үрдіс болып табылады. Себебі, балалар қағаз кесектерін өздері қолдарымен дайындай алады.

Дымқыл қағаздағы сурет. Бұл – бұлыңғыр сурет. Парақ таза сумен суланады, содан кейін қылқаламмен сурет сызылады. Бөлшектерді салу үшін сурет құрғағанша күте тұру керек, содан кейін фломастерлермен немесе қылқалам көмегімен бояуға батырып суретті аяқтау керек.

Тұз, манка жармасын, түрлі-түсті құмды пайдалану арқылы сурет салу. Бірінші нұсқасы, ұсақ нүктелердің немесе дақтардың әсерін алу үшін ылғалды бейнеге тұзды немесе манка жармасы жағылады, олар ерекше фактура жасайды. Екінші тәсілі, заттың кескініне немесе ою түріне желім жағылады, манка немесе тұз себіледі, материалдың қалдығын қағаздан түсіріп тастау қажет. Дайын суретті бояумен бояуға болады. Үшінші нұсқасы, алдын-ала желімделген сұлбаны түрлі-түсті құммен немесе тұзбен толтыру тәсілімен қызықты заттар жасалады.

Шаммен сурет салу. Ақ қағаз парағында қарапайым сурет немесе өрнек сызылады, мысалы, қар қиыршықтары. Содан кейін парақ толығымен акварельді бояулармен боялады.

Штамптау. Мөртабанды пайдалана отырып, қағазға бедер салу арқылы табиғат заттары мен құбылыстарын бейнелеу.

Граттаж (француз тілінен аударғанда сызып тастау дегенді білдіреді). Бояулармен толтырылған беттегі сурет кескінділерін сызып тастау. Тіпті төрт жастағы балаға қол жетімді негізді дайындаудың ең қарапайым тәсілі бірінші қабатын бор немесе шамның көмегімен жағуды көздейді, қағаз біркелкі боялады, содан кейін екінші қалың қабатына кең щетка немесе поролон бөлігінің көмегімен қара гуашь жағылады. Сондай-ақ, негіз ретінде түсті суреті бар картон немесе қалың қағазды алуға болады. Қағаз толығымен құрғаған кезде, ерекше бейнені жасау процесінің шығармашылық бөлігіне, мысалы, жапсыруға арналған құралдарды пайдалана отырып, кірісуге болады.

Пуантилизм (нүктелі кескіндеме). Саусақтардың, мақта тампондарының, мақта таяқшаларының көмегімен нүктелі бейнеде сурет салу әдісін ұсынып отырмын.

Қорытындылай келе, дәстүрден тыс сурет салу әдісі балаларға көптеген жағымды эмоциялар береді, олар жақсы таныс заттарды көркемдік материалдар ретінде пайдаланудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Қылқаламсыз және қарындашсыз түпнұсқа сурет баланы босатады, түстерді, олардың мінезін, көңіл-күйін сезінуге мүмкіндік береді. Балалар ойлауға, қиялдауға үйренеді. Сол себептен арт-терапия балалармен жұмыс істеу үшін өте тиімді болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Тарарина Е. «Практикум по арт-терапии: шкатулка мастера» Луганск, Элтон-2, 2013 ж.
2. Мадалиева З.Б., Сүлеймен М.М. «Арт-терапия: әдістемелік нұсқаулық», Алматы, Қазақ университеті, 2016 ж., 160 б.
3. Жұмабекова Ф.Н. «Бейнелеу өнерінің әдістемесі», Алматы ЕВЕРО, 2014 ж.
4. Сидоренко М.Н. Возможности арт-терапии в развитии и коррекции эмоционально-поведенческой сферы детей дошкольного возраста // Интернет ресурс: <http://sibac.info/index.php>.



МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ӨМІРІНДЕГІ ОЙЫН ӘРЕКЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



Махамбетова Мейрамгуль Ихласовна,

Астана қаласы

№86 «Зияткер» балабақшасы МКҚК

меңгерушісі



Аңдатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы ойын әрекетінің рөлі қарастырылады, ойынның психотерапиялық әсері және оның жан-жақты физикалық дайындыққа әсері ерекшеленеді.



Түйін сөздер: ойын әрекеті, әлемді тану, ойын формалары, шығармашылық қабілет, жеке қасиеттер.

Бүгінде қоғамның өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі жауапкершілігі бұрынғыдан да кеңінен танылады.

Мектепке дейінгі жас – адами қатынастар әлемін, адамдардың әртүрлі іс-әрекеттері мен әлеуметтік функцияларын тану кезеңі. Бала ересек өмірге қосылуға және оған белсенді қатысуға дайын, бірақ ол әлі қол жетімді емес. Мектепке дейінгі жаста бала тәуелсіздікке, ересектердің өміріне өте құштар болады. Осы қайшылықтан рөлдік ойын туады – мектеп жасына дейінгі балалардың өмірді модельдейтін өзіндік қызметі ересектер [1].

Сонымен қатар, педагогика мен психология ойында полифункционалдылық сияқты маңызды ерекшелікті көреді – бұл жеке тұлғаны қамтамасыз ету мүмкіндігімен қатар тәрбиелеу және оқыту процесінің тиімділігі үшін өте маңызды.

Мектепке дейінгі жаста қалыптасқан алғышарттар негізінде психиканың қарқынды қалыптасу кезеңі. Осы кезеңде психикалық даму жаңа қасиеттермен және құрылымдық ерекшеліктермен сипатталатын әртүрлі көптеген факторлардың арқасында пайда болады. Мысалы: сөйлеу, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас, тәрби-

елеу-білім берудің әртүрлі формалары және әртүрлі қызмет түрлері. Біз қарастырып отырған ерте жас кезеңінде психикалық функциялар: сенсорлық қабылдау, бейнелі есте сақтау, зейін, практикалық ойлау, моторика қарқынды дамиды және сонымен бірге когнитивті салада неоплазмаларды құру және ерікті мінез-құлықты қалыптастыру үшін негіз болып табылады [3].

Қазіргі мектепке дейінгі білім беруде әртүрлі ойын түрлері шығарылды және тәжірибеде белсенді қолданылады, олардың негізінде баланың физикалық және зияткерлік ресурстарын жұмылдыру оңай.

Психологтардың зерттеулері мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы ойын әрекетінің маңызды рөлін көрсетеді, өйткені ойында қысым емес, қалау бойынша өздері ойнайды.

Ойын-мектеп жасына дейінгі баланың жетекші қызметі, яғни баланың психикасындағы және оның ішіндегі ең маңызды өзгерістер осы ойын іс-әрекеті баланың жаңа, жоғары сатыға өтуін дайындайтын психикалық процестерді дамытады.

Ойын арқылы балалар өзара әрекеттесу тәжірибесін меңгереді, қоршаған әлемнің



моральдық нормаларын, іс-әрекет тәсілдерін үйренеді.


Ойын әрқашан екі уақыт өлшемінде орындалады: қазіргі, яғни осы шақ және болашақ. Бір жағынан, ол жеке тұлғаны қамтамасыз етеді, бір сәттік қуаныш өзекті қажеттіліктерді қанағаттандыруға қызмет етеді. Екінші жағынан, ойын болашаққа бағытталған, өйткені онда өмірлік жағдайлар болжанады немесе модельденеді немесе қасиеттер, дағдылар, қабілеттер, қажетті тұлғалар әлеуметтік, кәсіби, шығармашылық функцияларды орындауы бекітіледі. Осылайша, ойын арқылы бала рухани әлеміне енеді

қоршаған әлем туралы қарапайым түсініктер қалыптасады.

Сондай-ақ, ойын баланың жаңаны тануға деген ұмтылысын ынталандырады, логикалық ойлауын, есте сақтау қабілеті мен қиялын дамытады. Ойын баланы нәтижеге жету үшін жұмыс істеуге және ойында сәттілікке жетудің айқын емес жолдарын табуға үйретеді, сонымен қатар бұл жұмысқа қатысуға оң әсер етеді, өйткені баланың өзі оқитынын түсінбейді және одан ерекше жағымды эмоциялар алады, бұл ол үшін маңызды мотивация.

Әдебиеттер

1. Пидкасистый П.И., Хайдаров Ж.С. Оқытудағы ойын технологиясы және даму /Москва/ - 1996.
2. Тайжанов А.Т. Этномәдени білім мен тәрбие /Оқу құралы. – Ақтөбе, 2009. – 122 б.
3. Қаклиев Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. – 304 б.
4. Ғылыми-педагогикалық негіздері. Монография. – Алматы: Комплекс, 2000. – 330 б.
5. Мудрик А.В. Основы социальной педагогики: Учебник для студ. сред. проф. учеб. заведений. - М.: Академия, 2006. 208 с.





МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ



Бахбергенова Гулжайна Джумамуратовна

Алматы облысы,
Жамбыл ауданы «Ұлан» КМҚК бөбекжай бақшасының
мектепалды топ тәрбиешісі



Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбиені беру жолдары айтылған. Бағдарлама міндеттерін шешуге бағытталған әдіс-тәсілдер ұсынылады.



Түйін сөз: экологиялық тәрбие, заттық-дамытушы орта, өлі және тірі табиғат, ата-аналар.

Қазіргі таңда экологиялық тәрбие беруге және оны мектеп жасына дейінгі балалардан бастауға ерекше мән берілуде екені баршамызға анық. Өйткені, табиғат туралы эмоционалды әсер алады, өмірдің әртүрлі нысандары туралы түсініктерді жинақтайды, яғни, экологиялық ойлаудың, сананың негіздері қалыптасады, экологиялық мәдениеттің бастапқы элементтерінің негізі балада осы кезеңде қаланады.

Мектепке дейінгі жас баланың табиғатқа деген көзқарасын одан әрі айқындауға, оған жанашырлық танытуға және өзекті экологиялық мәселелердің көпшілігін шешуде белсенді әрекет етуге көмектесетін экологиялық ұстанымдар қалыптасатын шағы. Бала бойына тәрбиені сіңіре отырып, өзіне жақын адамдардан білім алады және дами-ды, табиғатқа жанашырлық танытуды үйренеді, не істеуге болатынын және не істеуге болмайтынын түсіне бастайды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті, яғни, балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылатындығы айтасада белгілі.

Үлгілік бағдарламасының мектепалды топ, сыныпқа арналған (5 жастағы балалар) мазмұнындағы әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру; табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу; экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау міндеттерін экскурсиялар, серуен, саяхат, әлеуметтік жобалар, зерттеу әрекеттері, дидактикалық ойындар арқылы шешудің маңызы зор және осы жастағы топ тәрбиешісі ретінде тиімді деп санаймын.

Әуелі, Үлгілік бағдарламаның мазмұнындағы міндеттерді шешу үшін заттық-дамытушы ортаны талаптарына сәйкес (қауіпсіз, қолжетімді, өзгермелі, көпатқарымды т.б.) жабдықтап алу керек. Сонда ғана балалардың түрлі әрекетінде әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру оңай болады. Мектеп жасына дейінгі балалар көбінесе



еліктегіш, үлкендердің әрекетін қайталауға бейім келеді ғой. Соны мен өз тәжірибемде зерттеу, сюжетті-рөлді ойындар, ұлттық орталықтарын жабдықтау арқылы жүзеге асырудамын. Әрқайсысына тоқталар болсам:

Топ ішінде зерттеу орталығын пияз, бидай т.б. дәнді дақылдарды ұсақ ыдыстарға егіп ұйымдастырдым. Онымен қоса, бөлме гүлдерінің санын көбейттім. Балалар әрбір өсімдікті бақылап, оларға күтім жасауды үйрену үстінде. Онда болып жатқан заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін күнделікті балалармен бірге бақылап, талдаймыз, салыстырамыз, ажыратамыз. Бұл іс-әрекет түрі балаларда элеуметтік-эмоционалды дағдыларды ғана қалыптастырып қоймау коммуникативтік дағдыларының артуына да септігін тиізуде. Күн сайын өз жұмысын ата-анасына баяндап, құрдастарымен диалог құруына және таныс материалдармен өз бетінше эксперимент жасауға ұмтылыстарын арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Сюжетті-рөлді ойындар орталығында ата-анасының, жақындарының мамандықтары туралы әңгімелеуді, ересектердің еңбегін құрметтеуді және бағалауды үйренеді. Әзірге бұл орталық әдеттегідей ойындармен («Шаштараз», «Дәріхана», «Асхана», «Дүкенші») жабдықталған. Балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, алдағы уақытта ауқымын кеңейтін «Мамандықтар қалашығын» ұйымдастыруды балалабақша әкімшілігі көздеп отыр. Десек те, аталған ойындарды балалар аса зор қызығушылықпен ойнауда және өз ойын түсінікті жеткізуге, өзінің пікірін айтуға тырысады.

Сондай-ақ, бүгінгі мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндіктеріне қарай жабдықтап отырған ұлттық орталық біздің де балабақшада қарастырылған. Онда балалар қазақ халқының мәдениетімен, тұрмыстық заттарымен танысып, сонымен қатар қазақ халқының құндылықтарын құрметтеуге үйренуде. Ол орталықта ата-аналармен жұмыс түрлерін ұйымдастырамыз. Мысалы, «Әжелер мектебінің», «Әкелер мектебінің», «Аналар мектебінің» жұмыс жоспарына қарай, бірлескен шаралар өткіземін. Әжелер киіз басып, ши тоқып ою түрлерімен таныстырса, әкелермен қамшы өріп моторикаларын дамытса, көлік түрлерін жасап, олармен таныстыру

арқылы жолда жүру ережелерін үйретуде, аналармен де шаш өріп моторикаларын дамытса, үй жұмыстарына көмектесуді, нанды қадірлеуді үйренуде. Демек, ата-аналар да Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыруға пайдасын тигізуде.


Бұл аталғандар тек топ ішінде атқарылып жатқан жұмыстардың бірқатары ғана. Сондай-ақ күн тәртібіне қарай серуен де ұйымдастырылып жатыр. Балабақша ауласындағы ағаштарды, өсімдіктерді, ересектердің еңбегін де бақылаудамыз. Табиғатқа бақылау жасау арқылы балалар өздерінің табиғаттың бір бөлігі екендігін сезінеді. Балалар ненің «дұрыс, дұрыс емес», «жақсы, жаман» екенін түсініп және ажыратуға дағдыланады. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы байланыстарды бақылап және түсінуге мүмкіндік жасаймыз. Ұлттық ойындарды таза ауада, кең жерде ойнауға жағдай жасалып жатыр.

Сонымен қатар, әрбір мемлекеттік мерекелер қарсаңында, балабақшаның жұмыс жоспарына сәйкес түрлі іс-шаралар («Тіл мерекесі», «Алтын күз», «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл», «Наурыз», «Аналар мерекесі», «Ғарышкерлер күні» т.б.) да өткіземін. Бұл мерекелерді ата-аналармен де, кейде олардың қатысуынсыз да ұйымдастырамыз. Мерекелік іс-шарада балалар тек ән айтып, би билеп қана қоймай, театрландырылған ойындар ойнап, сахналық қойылымдарға да қатысады. Ойын арқылы болса да балаларда Отан, ғарышкерлер, батырлар туралы түсініктері қалыптасып, танымдары кеңейеді.

Жалпы айтпағым, мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беруді қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы ғана емес, режимдік сәттердің барлық кезеңдерінде де беруге болады. Менің бөліскенім тек өз тәжірибемнің жарты ғана бөлігі. Экологиялық тәрбиені осы сәтте ғана қалыптастырамын немесе беремін деген аздық етеді. Сондықтан бұл таңертең бала алдымызға келгеннен үйге қайтқанша жүзеге асырылатын процесс деп білемін. Демек, мұндай ауқымды жұмысты атқару үшін педагог өзі кәсіби тұрғыда шыңдап, ізденіс аясын кеңейту керек.

**Әдебиеттер:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық;
4. Балаларды ерте дамыту институты әзірлеген әдістемелік ұсынымдар;



АТА-АНАЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ КЕЗІНДЕ БАЛАБАҚША МАМАНДАРЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ДАМУ



Динтаева Алмагул Ихласовна
Астана қаласы №55 «Қарақат»
балабақшасының әдіскері

Әр ұлттың тәрбиесінің негізгі мақсаты өскелең ұрпақтың игі салт-дәстүрлерін сақтау, нығайту және дамыту, ата-бабамыздың жинаған өмірлік рухани тәжірибиені беру болып табылады. Балаларды халық дәстүрлеріне тарту негізінен балабақшаларда да жүргізіледі, оларды жаңа ақпарат беріп қана қоймай өздерін тікелей қатысуға тарту маңызды.

Қазір ата-аналар мектепке дейінгі ұйымдардан ашықтық пен мейірімділікті күтеді. Өкінішке орай, қазіргі ата-аналар әрқашан балаларды тәрбиелеуге, оларға азаматтық қасиеттерді сіңіруге дайын емес. Сондықтан, балабақшалар ата-аналармен өзара әрекет жасау форматтарын іздейді.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында (49 бап, 2 тармағы): «ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер: балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етеді» делінген.

Мектепке дейінгі жас тәрбиелеудің маңызды кезеңі. Осы кезеңде оны өз ұлтымен, өз елімен байланыстыратын және өмірдің келесі жолын анықтайтын сезімдер, мінез-құлық белгілері дами бастайды. Бұл жаста олар мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтауға, мемлекеттік рәміздеріне, елдің тарихи жетістіктеріне құрмет көрсетуге, атақты отандастарына мақтанышпен қарауға үйренеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талабы «әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады» болып табылады. Бұл тақырыптың өзектілігі - қазіргі уақытта балалар смартфондарға үлкен қызығушылық танытады, мультфильм кейіпкерлері баланың жетілмеген моральдық көзқарастарына деструктивті әсер етеді. Осы жағымсыз құбылыстарға қарсы тұру үшін балабақшаларда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы белсенді түрде жүзеге асырылуда.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдарда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталған.

Балаларға ұлттық сана-сезімін қалыптастыру үшін тәрбиешілер тарапынан балалармен қызықты іс-әрекеттер ұйымдастырлады. Балабақшаның жылдық жоспары бойынша педагогтер келесі шараларды ұйымдастырады: ұлттық мерекелер мен дәстүрлерді насихаттау, тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шығармашылық байқаулар мен көрмелер. Балалар мен ата-аналарға арналған спорттық мерекелер балабақшада дәстүрлі болып табылады.



Ұлттық ойындар, билер, халық ауыз шығармашылығы, салт-дәстүрлер мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық мәдениетін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Алғашқы түсініктерін, дағдыларын баланың қалыптастыратын біріншіден - отбасы болып табылады. Әр адам өзінің тамырын білу керек. Тәрбиешілер мен ата-аналар балаларға жақын туыстарына қамқорлық пен құрмет көрсету қасиеттерді тәрбиелеу-білім беру процесінде жүйелі түрде жұмыс жүргізеді.

Әр отбасында белгілі бір дәстүрлер бар. Қаншалықты дәстүрлерге көңіл бөлінетінін анықтау үшін ата-аналарға арналған «Біздің отбасымыздың құндылықтары мен дәстүрлері» тақырыбында сауалнама жүргізілді (жауаптың бірнеше нұсқасы болды):

1) Сіздің отбасыңыздың шежіресі, сізде бар ма?

2) Сіздің отбасыңызда (отбасылық альбом, отбасылық дәстүрлер мұражайы, отбасылық жетістіктер жинағы және т.б) бар ма?

3) Сіздің отбасыңызда қандай дәстүрлер бар?(мерекелерге байланысты, балалардың демалысы, туған күні, отбасымен дәстүрлі ойындар т.с.с.)

4) Осы немесе басқа дәстүрлер сіздің отбасыңызда қалай пайда болды және орнықты?

5) Сіздің балаларыңыз отбасылық дәстүрлеріңізді болашақ отбасыларына қабылдағанын қалайсыз ба?



Сауалнамаға 108 ата-ана қатысты: ересек пен мектепалды топтың ата-аналары. Негізгі ата-аналар өздерінің отбасылық жеті атасын 64% толық (шежіре, альбомдары бар) және толық емес 36% білетінін көрсетті. Сонымен қатар, отбасылық дәстүрлерін өздерінің сақтайтын 78% айтты. Отбасылық дәстүрлерді сақтауға, олардың ата-аналарымен бірге өмір сүрген жылдары және ауылда ата-әжелерінің тәрбиесі әсер етті. Сонымен қатар, зерттеу бойынша ата-аналардың 80% - ы басқа аймақтардан көшіп келгені анықталды. Сондықтан, ата-аналар балаларының болашақ отбасыларында дәстүрлерді сақтағанын қалайды. Алынған жауаптар отбасылық құндылықтардың маңыздылығын көрсетеді.

Балабақшалардың жанында «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» және «Әкелер мектебі» ұйымдастырылды. Тәрбиешілер ата-аналармен бірге балаларды ұлттық киімдердің сұлулығымен, тұрмыстық заттармен, халқымыздың салт-дәстүрлерімен таныстырады, әңгімелер өткізеді. Әжелер балаларға кілем тоқу, ою-өрнек жасау, құрақ құрау сияқты ұлттық қолөнерлеріне тартылуына ықпал жасайды.





Ұлттық ойындарды біз әрбір мерекелер мен ойын-сауықтарында ойнатамыз. Мысалы, «Тақия тастамақ», «Тоғызқұмалақ», «Ақ сүйек», «Асық ату», «Арқан тарту» және т.с.с. ойындар. Бұл ойындар арқылы балалар бірлік-


ке үйренеді, өзара көмекке және тағы басқа жақсы қасиеттері қалыптастырады. Әжелер «Наурыз мейрамы», «Бесікке салу», «Тұсау кесу» дәстүрлерді көрсетеді, қазақтың халық әндері мен күйлерін ұлттық аспаптар арқылы тыңдау, осы шаралар балалардың ұлттық сана-сезімін оятады.

Балабақша педагогтері бірлескен іс-шаралар туралы бейнероликтер жасауды біледі, ата-аналарына үйде қызықты сауықтыру шараларды өткізуге жібереді. Барлық педагогтер балабақшада ойын әрекетін ұйымдастыру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан да өтті.

Қорыта келе, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның ынтымақтасты жарасқанда нағыз ұлтжанды азаматты тәрбиелей аламыз деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. «Білім туралы Қазақстан Республикасының № 319 Заңы. (2020.07.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы)
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен (ҚР Оқу-ағарту Министрінің 2023 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына)
5. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығымен жаңартылды







МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН ДАМУ ОЙЫНДАРЫ



Купиярова Маржан Саулехановна

Павлодар облысы, Екібастұз қаласы
«№1 сәбилер бақшасы Даму орталығы» КМҚК
қазақ тілі педагогі

 **Аңдатпа.** Мақалада балабақшадағы қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінде ұсақ қол моторикасын дамыту - балалардың саусақ бұлшықеттерін нығайтып, қол қозғалысының үйлесімділігін жақсартып, танымдық және сөйлеу қабілеттерін жетілдіруге бағытталған маңызды міндет қарастырылған.

 **Түйін сөздер:** ұсақ моторика, саусақ гимнастикасы, қолдың бұлшықеттерін дамыту, қолөнер жаттығулары, саусақ ойындары, мектепке дейінгі білім беру, қолдың икемділігі, қозғалыс үйлесімділігі, баланың сөйлеуін дамыту.

Қазіргі уақытта бала тілін шыңдау көкей-кесті мәселеге айналды. Балалардың ең алғашқы даму кезеңі, тәрбие мен білім берудің алғашқы сатысы балабақшадан басталатындықтан біз, балабақша педагогтері, осы мәселеге ерекше назар аударуымыз керек. Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйрету барысында балаларға ою-өрнек салу, фетрден бауды өткізу, моншақ тізу, текемет сәндеу, асық ойындары т.б. түрлі әдістер арқылы баланың сөздік қорын байытуға, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге және ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеміз. Ол үшін тұрақты ойын-жаттығуларын қайталау арқылы балалардың ойлауын жақсартып, зейінін, байқағыштығын дамытамыз.

«Балалардың қабілеттері мен дарындылығы олардың саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, саусақтардан шығармашылық ойдың қайнар көзін сусындататын аса нәзік жылғалар бастау алады» - деп, ұлы ұстаз Василий Александрович Сухомлинский айтқандай, мен өз жұмысымда әуелі саусақ моторикасын дамытуды қолға алдым. Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде десек, адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ мотори-

каға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Ұсақ моториканы дамыту баланың қолдарының дәлдігін, икемділігін арттырып қана қоймай, оның ми қызметін, сөйлеу қабілетін және жалпы даму деңгейін жақсартады. [1. 18].

Сонымен ұсақ қол моторикасын қалай дамытуға болады? Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінде мен саусақ ойындары арқылы баланың сөйлеу тілін дамытып, ынтасын арттыру үшін көбінесе мына ойындарды қолданамын:

- Саусақ ойындары: «Қуырмаш», «Бес саусақ», «Бас бармақ», «Алақан соқпақ»;
- Пазл ойындары: «Оюды жина», «Киіз үйді құрастыр», «Ұлттық аспап, ұлттық киім, ұлттық дастарханның суретін жина»;
- Тігу ойыны: фетрден жасалған торсықты тігу (алдын-ала тесілген фетр арасынан бауды өткізу);
- Текемет сәндеу: түрлі-түсті оюлар беріледі, балалар қиялдары бойынша оюды орналастырады;



- Асық ойындары: «Шыр», «Шертпек», «Бестемше»;
- Асықтарды сымға тізу, асықтардың түсіне сай, түстес резеңкелерді тағу;
- Шаш өру, шашбау тағу, қамшы өру;
- Оюлармен ойындар: Қошқар мүйіз оюын бұршақпен тізіп шығу, оюды дұрыс орналастыру (жапсыру (липучка) ойындары);
- Сиқырлы қоржын (бала қоржын ішіндегі затты ұстап сезіну арқылы табады);
- Қақпақтармен ойындар, қыстырғыш, түйме, моншақтарды тізу ойындары. [2. 23].



Осы ойындар арқылы балалардың тілі, қимыл-қозғалысы, икемділігі дамиды. Сондықтан да балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту арқылы мынадай нәтижеге жетуге болады:

- Сөйлеу тілі дамыған;
- Икемділігі артқан;
- Логикалық ойлау қабілеті дамыған.

Қорыта айтқанда, саусақ бұлшықеттері мен жүйке-жүйесі өзара тығыз байланысты болғандықтан, ұсақ моториканы дамыту ми және тілдік орталықтардың белсенділігін арттырады. Балалардың қол бұлшықеттері нығайып, сөйлеу байланысы, жазуға дайындықтары жақсарады. Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінде ұсақ моторикаға арналған ойындарды қолдану - балалардың тілді меңгеруге деген қызығушылықтарын арттырып, жаңа сөздерді игеруді жеңілдетіп, балалардың сөйлеу дағдыларын дамытады. Ұсақ моторика мен тіл дамуының өзара байланысын ескеріп, балабақшада қазақ тілін үйретуде осы әдіспен жүйелі жұмыс жүргізу - балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, оларды мектепке дайындаудың тиімді жолы деп есептеймін.

Әдебиеттер:

1. Сарсенбаева Г.А. «Ұлттық ойындар арқылы балалардың ұсақ моторикасын дамыту». Алматы: «Рауан», 2017.
2. Омарова Р.А. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі: «Мектепке дейінгі мекемелерге арналған құрал». Алматы «Ана тілі», 2019.



ЦИФРОВИЗАЦИЯ СОВРЕМЕННОГО ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ



Байболова Вероника Евгеньевна

Павлодарская область, г.Экибастуз
КГКП «Ясли-сад №1 Центр развития»
Воспитатель



Аннотация. В данной статье рассматривается активное развитие технологии такой как «цифровизация», а также перспективы развития цифровой образовательной среды и проблемы, которые существуют на данном этапе при ее осуществлении.



Ключевые слова: цифровые технологии, цифровая эпоха, цифровизация, образовательная среда, инновационные технологии.

В XIX веке активно идет развитие новых технологий, среди которых и цифровые. В связи с этим стал популярным термин «цифровизация», но далеко не всем он понятен. Последнее время мы стали всё чаще слышать слово цифровизация, которая так гладко входит в нашу жизнь, что мы даже не замечаем, как на наших глазах происходит Новая Эпоха человечества. И конечно такая область как образование не может остаться в стороне. Так что же такое цифровизация? Это – процесс превращения аналоговых данных и рабочих процессов в цифровой формат. Цифровизация — это интеграция «умных» данных во все аспекты нашей жизни. Это может быть рабочие нюансы, медицина, производство, личная информация. Мир, не стоит на месте, им движет информационный поток, цифровая система затрагивает абсолютно все сферы жизни человека. [1].

Так и цифровизацией образования можно назвать процесс перехода на электронную систему образования, где дошкольное – не исключение.

В современном мире растет подрастающее поколение, которое стало неотъемлемой частью жизни. Для успешного вхождения во взрослую жизнь, ребенка необходимо

развивать и обучать умению использовать современные инновационные технологии, уже с ранних лет прививать готовность к изменениям, к творческому поиску, работать в команде, навыкам жизни в «цифровую эпоху», ведь информационные технологии невозможно представить без цифровых технологий, которые упрощают нашу жизнь и помогают во всех ее аспектах, что очень важно в современном мире.

Цифровые технологии как инструмент работы в сфере образования значительно облегчили взаимодействие между всеми субъектами образовательного процесса.

Высокоскоростной Интернет способствует осуществлению коммуникационной составляющей воспитательно-образовательного процесса. Большое количество пользовательских программ помогает педагогам дошкольных организаций (далее – ДО) создавать более красочный и понятный контент для воспитания и обучения детей. Не менее важно, что именно в цифровой образовательной среде возможно пройти различные курсы, обучающие программы, которые помогают не только облегчить воспитательно-образовательный процесс, но и повысить компетентность педагогов ДО. [2.111].



Важно отметить, что цифровые технологии в ДО нужны не для обучения дошкольников базовым основам информатики, а как средство познания окружающей действительности, которая так понятна подрастающему поколению. Воспитание ребенка довольно сложный процесс, т.к. с самого рождения окружает среда, наполненная цифровой информацией. Везде есть телевидение, телевизионные баннеры, компьютеры, планшеты, сотовые телефоны, гаджеты, повсюду нас окружает виртуальная реальность, которая более красочная, интересная, познавательная. На сегодняшний день, детей не удивишь бумажными носителями, меловыми досками, настенными плакатами, поэтому педагоги дошкольных организаций должны обладать навыками работы с интерактивными досками, работать в различных компьютерных программах, которые помогают обучать и воспитывать детей, прививая им эстетический вкус, художественно-творческое мышление, правильное потребление цифровой информации.

Если говорить о проблемах цифровизации дошкольного воспитания и обучения, то мы их видим в следующем:

1. Не у всех регионов есть доступ даже к малоскоростным возможностям выхода в сеть «Интернет», что говорит о малом доступе к данному ресурсу.
2. Оснащенность техническими средствами для обеспечения гибкой и доступной цифровой среды ДО присутствует не во всех детских садах регионов.
3. Недостаточно развиты компетенции у педагогов по внедрению цифровых технологий. Педагогические коллективы оказываются не готовыми к внедрению инноваций.
4. Происходит быстрая смена информации, что ведет за собой постоянное обновление программ, которые необходимо внедрять в процесс дошкольных

организаций. Педагоги и заведующие не успевают к таким частым изменениям в работе.


5. Дети в своих семьях бесконтрольно включены в цифровое пространство, поэтому их обучение работе с цифровыми технологиями должно быть планомерным и последовательным.
6. Существует некий протест общества по включению цифровых технологий в жизнь детей в дошкольной организации, несмотря на то что вне детского сада дети часто пользуются цифровыми технологиями, порой без контроля со стороны взрослых. [6].

Таким образом, мы пришли к выводу о том, что цифровизация дошкольного образования – неизбежное явление, которое помогает современности выстроить воспитательно-образовательный процесс, который будет интересным для детей дошкольного возраста. Цифровые технологии стимулируют познавательный интерес детей дошкольного возраста, для них такая информация более наглядна, понятна и красочна. Это направление в образовании является перспективным и требует подготовки педагогических кадров к их внедрению. Но несмотря на всю перспективность, эффективность данных технологий, есть ряд проблем, которые необходимо устранять для реализации и внедрения цифровизации в воспитательно-образовательный процесс дошкольных организаций. Внедрение цифровых технологий в ДО – это длительный путь формирования технологической среды детских садов.

Итак, подводя итог вышеизложенному следует подчеркнуть, что в настоящее время очень стремительно создается цифровая образовательная среда, содержащая большое количество электронных образовательных ресурсов, востребованных не только среди воспитателей ДО, но и среди родительского сообщества и воспитанников.

**Список использованных литератур:**

1. Что такое цифровизация [Электронный ресурс] -lidercoin.medium.com
2. Литвинова С.Н. Цифровая трансформация образовательной среды дошкольной образовательной организации / С.Н. Литвинова, Ю. В. Челышева // Вестник ПСТГУ. Серия IV: Педагогика. Психология. – 2021. – Вып. 62. – С. 99-112.
3. Об информатизации системы дошкольного образования. [Электронный ресурс]. – URL: <https://docs.cntd.ru/document/901806437>
4. Готовность дошкольной образовательной организации к цифровой трансформации [Электронный ресурс] / О.В. Пустовойтова, НА. Шепилова Л.А. Яковлева, Д.П. Курникова // Научно-методический электронный журнал «Концепт» – 2022. – № 4. – URL: <http://ekoncept.ru/2022/221027.htm>. DOI: 10.24412/2304-120X-2022-11027].
5. Цифровизация дошкольного образования: обобщение опыта [Электронный ресурс] / Е.П. Сахарова // Современное дошкольное образование – 2021. – №18. – URL: <https://sdo-journal.ru/journalpril/ep-saharova-cifrovizaciya-doshkolnogobrazovaniya-obobshhenie-opyta-municipalnoj-sistemy.html>
6. Стратегия 24. Национальный проект «Образование». [Электронный ресурс] – URL: <https://strategy24.ru/rf/education/projects/natsionalnyy-proekt-obrazovanie>.





РОЛЬ КОММУНИКАТИВНЫХ ИГР ДЛЯ РАЗВИТИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ СФЕРЫ РЕБЕНКА



Бер Александра Кирилловна

Павлодарская область, г. Экибастуз
КГКП «ясли-сад №1 Центр развития»
Воспитатель

 **Аннотация.** в статье рассматривается влияние коммуникативных игр на развитие эмоциональной сферы ребенка, которая является важным аспектом формирования личности. Эмоциональная сфера определяет способность ребенка воспринимать, выражать и регулировать свои чувства, а также понимать эмоциональное состояние окружающих. Коммуникативные игры выступают эффективным инструментом, способствующим развитию эмпатии, навыков социального взаимодействия и эмоционального интеллекта.

 **Ключевые слова:** эмоциональная сфера, коммуникативные игры, эмоциональный интеллект, развитие ребенка, игровая деятельность.

Эмоции играют значительную роль в жизни человека, помогая выражать отношение к событиям и являясь неотъемлемой частью коммуникации. Особенно важна эмоциональная сфера в дошкольном возрасте, когда все взаимодействия строятся на способности читать эмоции друг друга. Умение общаться и взаимодействовать с другими людьми является ключевым фактором в современном обществе, и лучше всего развивать эти навыки с детства.

В настоящее время в системе дошкольного воспитания и обучения наблюдается тенденция к уделению большего внимания интеллектуальному развитию детей, в то время как развитию эмоциональной сферы уделяется недостаточно внимания. Однако, наилучшим способом развития коммуникативных навыков и способности к взаимодействию с окружающими людьми является игра, которая позволяет создать жизненные ситуации и решить возникающие проблемы в общении между детьми.

Действительно, известно, что дети в своем развитии проходят стадию эгоцентризма, поэтому очень важно научить ребенка смо-

треть на ситуацию с точки зрения своего собеседника. Таким образом, мы помогаем ребенку смотреть на себя со стороны, переоценить свои мысли, чувства и поведение. Это позволяет ребенку лучше выразить себя в общении, более полно и точно передать свои мысли и чувства. [1. 305].

Сегодняшние дети считают телевизор или компьютер своими лучшими друзьями, а любимым занятием - просмотр мультфильмов или игры на компьютере. В результате они стали менее общительными не только с взрослыми, но и с другими детьми. Однако живое общение с людьми является важным элементом жизни ребенка и способствует обогащению его мира, наполняя его яркими красками. Кроме того, современные дети часто не обладают достаточной отзывчивостью к чувствам других людей и не всегда могут осознавать и контролировать свои собственные эмоции. Наблюдение за детьми зачастую показывает наличие проблем в сфере общения, таких как избегание контактов со сверстниками, конфликты, драки, неуважение к мнению и желаниям других, а также жалобы со стороны педагогов. Однако это происходит не потому, что дети не



знают правил поведения, а потому, что им трудно почувствовать эмоции других людей и понять их точку зрения. Исследования показывают, что родители редко говорят детям о своих чувствах, что может влиять на их способность эмпатии и понимание чувств других людей.

Коммуникативные игры могут быть очень полезны для развития эмоциональной сферы ребенка. Ниже описаны игры, которые могут помочь развить эмоциональную интеллектуальность у детей:

1. «Чувственный мешок»: в этой игре дети должны найти в мешке предметы, которые имеют различные текстуры, формы и размеры, и описать свои ощущения и эмоции, которые они испытывают, когда они касаются их;
2. «Эмоциональный круг»: эта игра помогает детям научиться распознавать и выражать свои эмоции. Дети сидят в кругу и каждому дают лист бумаги с эмоцией (радость, грусть, злость и т.д.), которую он должен изобразить в мимике и жестах. Остальные дети должны попытаться угадать, какая эмоция изображена;
3. «Домино эмоций»: в этой игре детям даются карточки с изображениями разных эмоций. Они должны собрать цепочку из карточек, где каждое изображение соединяется с карточкой, на которой изображена эмоция, которая соответствует предыдущей карточке;
4. «Эмоциональный робот»: в этой игре дети создают робота из различных материалов, и должны дать ему эмоции и описать, почему он чувствует именно так;
5. «Книга эмоций»: в этой игре дети читают книгу, которая описывает различные эмоции и ситуации, в которых они могут возникнуть. После чтения книги детям задают вопросы о том, как они думают, что герои истории чувствовали, и почему. [3. 198].

Эти игры могут помочь детям развивать навыки выражения своих эмоций, распознавания эмоций других людей и улучшения коммуникативных навыков. Наблюдение

за деятельностью ребенка и анализ его результатов позволяют выявлять проблемы в его развитии и предоставлять необходимый материал для консультаций родителей и педагогов.

Ожидаемыми результатами данной работы являются: создание системы игр и упражнений, которые помогут снять эмоциональное напряжение у детей старшего дошкольного возраста при поступлении в школу, а также позволят проходить адаптационный период к школьной жизни без негативных последствий. Кроме того, данная работа позволит более глубоко активизировать и развить все психические процессы у детей.

Коммуникативные игры могут быть использованы в различных формах работы, не только с детьми, но и с родителями на праздниках и развлечениях. Благодаря доступности и привлекательности коммуникативных игр, которые вызывают яркие и положительные эмоции, они могут успешно использоваться в коррекционной работе с детьми, страдающими различными патологиями развития. В первую очередь они способствуют развитию навыков общения и коммуникативных способностей у детей, а также создают эмоционально-положительный микроклимат в группе. Использование игр очень положительно влияет на формирование доброжелательных отношений между детьми в группе. [7. 101].

Кроме того, игра не только помогает детям моделировать сцены из реальной жизни, но и учит их устанавливать контакт с другими людьми и развивать коммуникативные навыки. Игры часто передаются от старших детей к более младшим, что способствует развитию и социализации малышей в разнообразных разновозрастных компаниях.

Коммуникативные игры могут принимать различные формы, включая сюжетно-ролевые игры с использованием музыки, включения песен в общий сюжет и игры, основанные на методах и приемах К. Орфа.

Почти весь детский фольклор, включая потешки, песенки и переклички, относится к коммуникативным играм. Коммуникативные игры могут быть классифицированы в соответствии с их функцией в развитии ди-



намической стороны общения у детей:

Составление «синквейна» я использую для проведения рефлексии, синтеза, анализа полученной информации. «Синквейн» получается у всех.

Мной выделены положительные моменты использования технологии развития крити-



ческого мышления:

- дети учатся классифицировать, оценивать, критически анализировать информацию;
- делать выводы;
- учатся работать в группах и парах;
- формируются коммуникативные навыки.

Использование развивающих технологий способствуют развитию индивидуальности воспитанника. Это является своего рода фундаментом всего образовательного процесса.

«Каждый ребенок изначально талантлив и даже гениален, но его надо научить ориентироваться в современном мире, чтобы при минимуме затрат достичь

максимального эффекта» Генрих Саулович Альтшуллер.

Используемые мною приёмы и методы названных технологий могут быть адаптированы в образовательных организациях, в семье для повышения эффективности развития творческого мышления, воображения, речи у детей, также для повышения взаимодействия педагогов с семьёй.

Таким образом, с помощью развивающихся технологий формируются познавательные компетенции детей дошкольного возраста, я учу детей умению мыслить направленно, креативно, самостоятельно оценивать и формулировать собственные выводы. Такое мышление отталкивается от соблюдения строгих стандартов, но именно оно и позволяют решать задачи в современном мире.

Список использованных литератур.

Книги:

1. Г.С. Найти идею. Введение в теорию решения изобретательских задач. - Новосибирск: Наука, 1991.
2. Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. - М.: Просвещение, 1991.

Методические рекомендации и пособия:

1. Методы активизации творческого мышления // Дошкольное воспитание. - 1997. - №4. - С. 13-24.
2. Л. ТРИЗ - в повседневную жизнь // Дошкольное воспитание. 1993. - №4. - С. 23-26.

Статьи из журналов и периодических изданий:


1. Гин С.И. Занятия по ТРИЗ в детском саду. Мн., 2008
2. Горев.П.М Утемов. В.В Методы и приемы ТРИЗ 3-е изд. — Москва 2014. — 112 с.
3. Гин С.И. Мир фантазии: Метод. пособие для учителей нач. шк. Ч.1 и 2. Версия 2.0/ Система проф. разработ., консультантов и препод. «ТРИЗ-Шанс». — Гомель, 1995. — 138с.




УДИВИТЕЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В ДЕТСКОМ САДУ



Косьмина Виктория Сергеевна
Костанайская область, г.Рудный
КГКП «Ясли – сад №3»
воспитатель

 **Аннотация.** Данная статья посвящена детскому экспериментированию в детском саду. Ведь экспериментирование помогает детям раскрыть творческие навыки, сделать новые открытия и исследования в области «мира ученых».

Приведены примеры практических игр и опытов, которые способствуют развитию креативного мышления, логики, любознательности, ответственности и творческому воображению. Изучая «мир под микроскопом» дети стараются понять, исследовать окружающий мир, доказывать, обсуждать свои результаты, делиться впечатлениями со сверстниками, делать выводы. Следовательно, экспериментирование раскрывает коммуникативные навыки детей и умение работать, как индивидуально, так и сообща, применяя «командный дух». Не мало важным является, то, что в процессе исследования развиваются жизненные навыки, которые помогут каждому ребенку в будущем стать уверенными личностями.

 **Ключевые слова:** Экспериментирование, познавательные навыки, учёные, нейротехнологии, кардиотренировка.

В своей работе, большое значение уделяю экспериментальной деятельности. Неоднократно проводя исследования в лаборатории, стараюсь подобрать интересный, занимательный материал, который поможет заинтересовать каждого ребенка. Следовательно, хочу поделиться с одним из видов экспериментирования, который проводился в организованной деятельности нашего детского сада. Участвовали дети 5-6 лет, дошкольная группа. Дети от природы любопытны, и поэтому были раскрыты творческие навыки, мышление, воображение, память, яркие впечатления и эмоции. Ведь экспериментирование помогает изучить что - то новое, познать интересное раскрыть неизведанное. У детей дошкольного возраста наглядно- образное мышление, следовательно данная деятельность является очень хорошим показателем познания мира.

На данный момент большое значение уделяется программе «Тілге бойлау» по изуче-

нию казахского языка в детском саду, и в данном экспериментировании я неоднократно с детьми закрепляла новые слова, новые значения, связанные с практической деятельностью в лаборатории. В начале нашего путешествия в «мир учёных» детям было представлено на экране телевизора изображение ученого Почемучкина, который сообщил детям, что им предстояло выполнить, ответить на все вопросы и открыть секреты учёных.

В дальнейшей работе дети приступили к раскрытию тайн по выявлению крахмала в продуктах питания и овощах. Дети использовали наглядное оборудование, и в процессе опытов узнали, что не во всех продуктах «скрывается» крахмал. С помощью следующей подсказки от нашей помощницы Татьяны, дети узнали, что в пространстве «обитает» невидимый воздух, который содержит много свойств и функций для организма.



Перед тем как перейти из одного кабинета лаборатории в другой, дети выполнили кардиотренировку с помощью «нейро-лесенки»: выполняя прыжки различного уровня, они прибыли до пункта выполнения следующего задания. Выполняя данные упражнения, у детей развивались: физические навыки, сноровка, ориентировка в пространстве.

Третье лабораторное экспериментирование раскрывает навыки внимания и терпения к проведению опыта, а также понимания того, что вода, не только источник всего живого, но а также она является растворителем пищевых красителей, что позволило детям «сделать радугу». Очень интересно было детям «создавать свою радугу», используя при этом «цветные камешки» и секретный ингредиент - воду.

При выполнении следующего задания- детям предлагалось использовать компьютерные технологии в игре – «Тонет- не тонет». При входе в игру на компьютере, детям предоставлена была возможность использовать новый метод QR кода, где с помощью телефона открывается ссылка, которая отображалась на компьютере, где находится само игровое поле. Дети продемонстрировали свои познавательные навыки, организован-

ную деятельность в определении и сравнении предметов по массе и предназначению.

В завершении работы в лаборатории, детям предлагалось выбрать эмблемы для того, чтобы, узнать: Что получилось? Что понравилось? И что, по вашему мнению, показалось вам сложным, непонятным?

На мой взгляд, применяя в своей работе, опытно- экспериментальную деятельность большое внимание уделяется воспитанию познавательного интереса и развитию навыков понимания, что в окружающем мире всё взаимосвязано, что предоставляет возможность развитию мыслительных операций, что не мало важно раскрывает только положительные качества в детях. Исследования предоставляют ребенку возможность самому найти ответы на вопросы «как?» и «почему». На основе которых дети сами добывают ответы на вопросы, анализируют, исследуют, делятся впечатлениями, обобщают и делают выводы.

Данная организованная деятельность получилась интегрированной с применением научных фактов и подбору различных видов опытов, что позволяет детям применять нестандартные решения и создавать творческую атмосферу и восприятие.





Список использованных литератур

Книги:

1. Вахрушева, Л. Н. Воспитание познавательных интересов у детей 5-7 лет. М.: ТЦ Сфера, 2012. 30с.
2. Поняева, И.И. Организация опытно - экспериментальной деятельности детей дошкольного возраста. М.: Астана, 2017. 83 с.
3. Латыговская, О.В. Организационные условия развития самостоятельности у детей дошкольного возраста в экспериментальной деятельности. Томск: Изд-во Педагогика, 2017. 43 с.



АТА-АНАЛАРМЕН СЕРІКТЕСТІК СОТРУДНИЧЕСТВО С РОДИТЕЛЯМИ

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР



Махашева Гульнур Бакитовна

Жамбыл облысы, Қаратау қаласы

«Мирас» бөбекжай-бақшасының логопеді



Аңдатпа. мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін үй жағдайында дамытуға ата-аналарға арналған ойындар түрлерін ұсынылып отыр. Баланың даралығы мен жеке тұлғалық қасиеттері туралы, салт-дәстүр мен ұлттық мәдениет арқылы тәрбие мен білім берудің өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі маңызы жайлы жазылған.



Түйін сөздер: Отбасы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тәрбие.

Соңғы уақытта балалар тілінің кеш шығуы мектеп жасына дейінгі ұйымдарда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Көп жағдайда ата-аналар балаларының сөйлеу тілінің дамуында қандай да бір бұзылыс (тілі сақаланса немесе мүлде сөйлемей қалса) байқалса ғана алаңдай бастайды. Алайда, баланың сөйлеу тілі дамуына ертерек көңіл бөліп дамытса, болашақта туындап қалар көп мәселенің алдын алуға болады.

Сөйлеу тілін дамыту – бұл кейбір дыбыс айту бұзылыстарын немесе сөздік қорын молайту бойынша түзету-дамыту жұмыстары ғана емес. Сөйлеу тілінің қалыптасуы бас ми бөлі-

гінің кейбір аймақтарының қызметіне байланысты, сол себепті балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын-алу үшін: ұсақ моториканы, фонематикалық естіп қабылдауын, артикуляция, тыныс алу жүйелерін дамытуға арналған тапсырмалар орындалуы керек.

Ата-аналар үшін... Балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын-алу үшін келесідей тапсырмалар мен ойындар ойнатсаңыз болады.

Дұрыс тыныс алуға үйрету ойындары.



«Көбелектерді ұшыр» - мұрынмен терең тыныс алып, қағаз көбелектерге үрлеу;

«Допты қақпаға кіргіз» - мақтадан жасалған допты үрлеу арқылы қақпаға кіргізеді;



«Шар үрлеу» - балаға шарды ауыздан алмай үрлеу ұсынылады т.б.

Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулары


Ғалымдардың дәлелдеуі бойынша бас миындағы қол және саусақ қимылдарына жауап беретін жүйке орталығы сөйлеу тіліне жауап беретін бас ми аймағына жақын орналасқан. Сол себепті баланың қол, саусақ қимылдарын белсендендіру қажет.



Ұсақ моториканы дамыту баланың қолын болашақта әр түрлі іс-әрекеттерге дайындайды: сурет салуға, жазуға, заттармен түрлі манипуляциялар жасауға және т.б. Саусақ ойындары сөздік қорын молайтуға көмектеседі. Ойын әрдайым эмоциялардан тұрады, ал эмоциялар бар жерде белсенділік бар, назар мен қиял, ойлау бар, барлық танымдық қабілеттері жұмыс істейді.

«Су-Джок» добымен орындалатын жаттығу: «Кірпі»

Момақанмын алайда,
Тікенім көп абайла.
Кіріп кетсе қолына,
Өкпелеме жарай ма?



«Түрлі-түсті макарондар» ойыны – макарондарды 4 негізгі қызыл, сары, көк, жасыл түстерге бояп алып баулардан өткізеді немесе түсіне сәйкес құтыларға жинақтап салады. Бұл ойын арқылы бала түстерді ажыратады, санауды меңгереді, зейіні тұрақталады және сөздік қорын молайтады.



«Ленталарды кім жылдам орайды?» ойыны. Мұнда лентаның оң және сол жақ қатарларына қыстырғыштар қыстырылады. Бала лентаны орау барысында оң қолымен оң жақ қатардағы қыстырғышты, ал сол қолымен сол жақ қатардағы қыстырғышты алып тастап лентаны орайды. Баланың ооң жақ және сол жақ ми жартышарларын дамытамыз, сондай-ақ саусақ бұлшықеттерін дамыта отырып ептілікке тәрбиелейміз.

«Түрлі-түсті пішіндер» тақтайшасын үй жағдайында картоннан қиып алып, балаңызбен дамытушы ойын ұйымдастыруыңызға болады. Бұл ойынның пайдасы өте көп. Түстерді, пішіндерді атай отырып балаңыздың сөйлеу тілін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін және де көзін жұмуын өтініп, қолмен сипап – сезу арқылы тактильді сезінуін дамыта аласыз. Ойынды өз идеяңызға қарай түрліше ойната берсеңіз болады.

Фонематикалық естіп қабылдауын дамытуға арналған ойындары



«Дыбысты естісең, шапалақта!» ойыны



Ойын шарты: балаға бірнеше дыбыстар қатарын айтып, мысалы ш дыбысың естісең шапалақта деген сияқты нұсқау береміз. Бала дыбысты естіп ажырата алуы керек.

«Ненің дыбысы?» ойынын ойнату. Ойын шарты: аудиожазбадан түрлі жануарлардың немесе музыкалық аспаптардың дауысын естіртіп, ненің даусы екенін ажыратқызу.



«Мұқият тыңда, жатқа айт» ойыны. Ойын шарты: балаға жаңылтпашты бірнеше рет қайталау, бала жаттап алып қайта айтуы керек.

Артикуляциялық жаттығулар орындалу. Артикуляциялық жаттығулардың негізгі мақсаты тіл дыбыстарын дұрыс айтуға керекті сөйлеу мүшелерінің қимыл – қозғалыстарын толық жетілдіру. Әр жаттығудың өзіндік аты бар және сол аттарын балалар есіне сақтап білуі қажет. Біріншіден, атаулар балаларды жаттығу жасауға қызықтырады, екіншіден, жұмыс барысында уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Логопед әрдайым жаттығуды қалай жасау шарттарын түсіндірмей тек оның атын айтса жеткілікті. Мысалы, «ат шауып келеді» немесе «сағат».

Балаға күрделі дыбыстарды [с], [з], [ш], [ж], [л], [р] дыбыстап үйрету үшін оның еріндері және тілі күшті және иілгіш болып, қажетті қалыпты ұзақ уақыт ұстап тұруы, қиындықсыз бір қозғалыстан екіншісіне бірнеше рет ауыса алуы керек. Осының барлығына үйре-

нуге артикуляциялық жаттығулар көмектеседі.

Балаңыздың артикуляциялық аппаратын дамытуда үй жағдайында сушки және таяқшалы печенъені қолдануыңызға болады.

Жаттығуды жасауға ұсыныстар:



- Жаттығуды алдымен баяу, айнаның алдында орындалады, себебі бала өз-өрекетін көріп бақылауы қажет. Бала үйренгеннен кейін айнаны алып қоюға болады. Балаға сілтеме сұрақтар қойған пайдалы. Мысалы: еріндер не істеп жатыр? Тіл не істеп жатыр? Ол қайда тұр? (жоғарыда және төменде).
- Кейін жаттығулардың қарқынын ұлғай-

туға және оларды санап орындауға болады. Дегенмен, жаттығулардың нақты және жай орындалуын қадағалаңыз. Әйтпесе, жаттығулардың мағынасы болмайды.

- Баланың жасына және шыдамдылығына байланысты жаттығуларды 5-7 минут көлемінде, күніне 2 рет (таңертең, кешке) жасаған абзал.

Құрметті ата-ана, балаңыздың сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуы сіздің қолыңызда!

Әдебиеттер:

1. «Логопедия» оқулығы Алматы, 2011 жыл Қ.Қ.Өмірбекова, Г.С.Оразаева, Г.Н.Төлебиева, Г.Б.Ибатова
2. «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған III-деңгейдегі балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру» оқу құралы Алматы, 2014 жыл Г.Б.Ибатова
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды педагогикалық қолдаудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері» (Әдістемелік ұсынымдар) Алматы, 2020 жыл

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ БАЛАБАҚШАҒА ЖЕҢІЛ ӘРІ ТИІМДІ БЕЙІМДЕУ ЖОЛДАРЫ



Алдабергенава Нургуль Ермеқкалиевна

Атырау қаласы
КМҚК №18 «Балдырған» бөбекжай-бақшасының
педагог-психологы

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың балабақшаға оңай әрі тиімді бейімделуінің әдіс тәсілдері көрсетіле отырып, жан-жақты дамыған, қабілетті, білімді, дені сау тұлға тәрбиелеуді қарастырады. Бейімделу кезеңіндегі балабақша мен ата-аналардың бірлескен жұмысының өте маңыздылығы туралы сөз қозғалады. Ойын-жаттығулардың бала ағзасы үшін пайдасы айтылады.

Түйін сөздер: психологиялық бейімділік, бейімделу үдерісі, танымдық белсенділік іс-әрекет, шамадан тыс қамқорлық, ерекше назар аудару, барлық мәдени – гигиеналық қабілеттерге оң көзқарас қалыптастыру.

Бейімделу – бұл организмнің жаңа жағдайларға бейімделуі, жаңа әдеттер мен стереотиптерді қалыптастыруы, ал бала үшін балабақшаға бейімделу дегеніміз сөзсіз, жаңа, әлі белгісіз кеңістік, жаңа орта және жаңа қарым-қатынастар.

Нақтырақ болу үшін мысал келтірейік: «Бағбан ағашты қайта отырғызғалы жатқан кезде учаскені дайындап, оның тамыр жүйесіне зақым келтірмеу үшін ағашты мұқият қазып, жермен бірге қайта отырғызады. Барлық күш-жігеріне қарамастан, жаңа жердегі ағаш тамыр жайғанша ауырады». Біздің балалармен де солай. Біздің балаларымыз да солай, отбасынан балабақшаға келеді, олар да сол ағаш сияқты жаңа ортаға үйренуі керек. Бала балабақшаға алғаш барғанда көз жасына ерік беріп, күйзеліске ұшырауы мүмкін. Бейімделу кезеңінде бала әлсіз болады немесе өзін көрсетуге қысылады. Сыни ойлауы төмен, құрдастары сияқты өз ойын еркін жеткізе алмайды, бұған қоса оған нақты не ұнатпайтынын және неге ұнайтынын айта алмайды. Егер оған бірдеңе ұнамаса, ол жай ғана жылай салады немесе айқайлайды. Оңай бейімделетін балаларда бұл көріністер болады, бірақ аз болады әрі

ұзаққа созылмайды. Бір-екі аптадан кейін баланың жағдайы тұрақталып, ата-анасын жұмысқа жіберіп, өзі балабақшада жыламай қалатын болады.

Бейімделу кезеңінің ұзақтығы барлық балалар үшін әр түрлі болуы мүмкін. Кейбіреулерінде бейімделу кезеңі 2-3 аптаға, басқаларында бір айға, ал басқаларында алты айға дейін немесе одан да көп уақытқа созылуы мүмкін. Ата-аналар тәрбиешімен баланың мінез-құлқы, оған не ұнайтыны, жыласа қалай жұбатуға болатыны, оған қалай қараған дұрыс екені туралы сөйлесулері қажет.

Бейімделу ұзақтығы ең алдымен мыналарға байланысты болады:

- жасы
- денсаулық жағдайы
- режимнің болуы
- қарым-қатынас жасай білу
- ойындық іс-әрекеттің қалыптасуы

Бейімделу барысы үш кезеңнен тұрады:

- Деадаптация. Бастапқыда күйзелістен құтылу мүмкін емес, деп ескертеді Джон Браун.
- Бейімделу. Бала ата-анасынан ажырау қажет екеніне көндігеді, оларды сағынады, бірақ жаңа өмірге бірте-бірте үйрене бастайды. Балабақшадағы кейбір ережелерді сақтаудан бас тартуы мүмкін.
- Бала ұжымға, тәрбиешілерге және жаңа өмір салтына үйренеді, ата-анасымен қоштасу қиын болмайды.

Сондай-ақ, бейімделу үдерісін қиындатуы мүмкін нәрселерге тоқталғым келеді:

- Үйде күнделікті режимнің болмауы
- Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларының болмауы
- Қарым-қатынастың болмауы
- Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау дағдыларының болмауы

Ата-аналар баламен жиі сөйлесулері қажет. Балабақша деген не, ол не үшін қажет және оған не үшін бару керек екенін түсіндірулері тиіс. Балабақшадағы күн тәртібімен таныстырып, балабақшаға қалай барғанынын айтып, фотосуреттерін көрсетсе де жақсы. Естеліктер тек позитивті және көңілді болуы керек. Баласының балабақшаға баратынына алаңдамай, өздерін сабырлы және байсалды ұстауы қажет. Балалар ата-анасын жақсы сезеді, сондықтан анасының уайымдап жүргенін ол бірден сезіп қояды. Тәрбиешілер үшін де топқа жаңа балалардың келуі – үлкен сын. Осы кезде балалардың арасында дұрыс көзқарас болса, бала ортаға тез бейімделеді. Балабақшаға келер алдында бала бойында қалыптасуы тиіс:

- өз бетінше тамақтану.
- түбекке отыру.
- өз бетінше киініп, шешіне алу.

- барлық мәдени – гигиеналық қабілеттерге оң көзқарасты болуы.

Балалардың өзі-өзіне сену сезімін қалыптастыру. Бейімделу кезеңінің негізгі міндетінің бірі – балада өзі-өзіне сену сезімін қалыптастыру болып табылады. Бұл үшін келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:

1. Балаларды бір-бірімен таныстыру, бір-біріне жақындастыру;
2. Тәрбиеші мен баланың танысуы, баламен тәрбиеші арасында сенімділік орнату;
3. Топпен және балабақшамен танысу;
4. Балабақша қызметкерлерімен танысу; Осының барлығы, яғни айналамен таныстыру ойын түрінде жүргізілуі тиіс.





«Бейімделу туралы қызықты деректер» жадынамасы. Ашық, ата-анасы ұрыспайтын, мейірленген балалар жақсы бейімделеді. Балабақшаға отбасындағы жалғыз немесе ата-анасы жастары кештеу кезінде өмірге келген балалар, шамадан тыс қамқорлыққа алынған, ерекше назар аударуға үйренген анасымен эмоционалды байланысы жоғары балалар ауыр бейімделеді. Сангвиник және холерик жаңа жағдайларға тез және оңай үйренетіні байқалады. Бірақ флегматиктер мен меланхоликтерге оңай емес. Олар баяу, сондықтан балабақша өмірінің қарқынына ілесе алмайды: олар тез киініп, тамақтана алмайды, тапсырманы орындай алмайды.

«Тәрбиеші мейірімі» жаттығуы. Педагог ақ параққа гүлдің суретін салып, күлтешелерге топтағы балаларына деген сүйіспеншіліктерін жазады.

«Шымшықтар» ойыны. Балалар құстарды бейнелейді. Ересек адам олар үшін ұяларды білдіреді «Құстар ұшқысы келді!» құстар

ұялардан ұшып, қанаттарын қағып, еңкейіп, дәндерін тістеп, белгіленген аумақта ұшады. Белгі бойынша «Құстар, ұяларына!» құстар ұяларын алады салады.

«Шақыр» ойыны. Педагог: доп осындай! Қандай әдемі, дөңгелек, жарқын! Мадина, осында кел, доппен ойнайық-оны айналдырайық. Сен маған – Мен саған. Мен Сабинамен ойнадым. Мадина, сен кіммен ойнағың келеді? Шақырыңыз». (Қатысушы: «Арлан, ойна» дейді. Ойыннан кейін Сабина орнына отырады, ал Арлан келесі қатысушыны шақырады.)

«Маған кел, менің жақсым!» . Тәрбиеші баладан бірнеше қадам алыстап, оны өзіне шақырады: «маған кел, менің жақсым!» Бала келгенде, тәрбиеші оны құшақтайды». Маған қандай жақсы Айкөркем келді!» Ойын қайталанады.

«Қояндар» ойыны. Біз алақанымызды басымызға көтереміз – «құлақтарды» көрсетеміз. Қояндар шеңберге отырды, (отырды) табанмен шөпті қазыңыз (қолдың қозғалысы) Міне, қандай қояндар, қояндар секіреді (алақаныңызды басыңызға көтеріңіз, «құлақтарды» көрсетіңіз)

«Көпіршіктер» ойыны. Балалар орындықта жартылай шеңбер болып отырады. Тәрбиеші бір баланың жанына барып «Сенің атың кім?» атыңды қатты дауыспен барлығы есітетіндей етіп айтшы деп сұрайды!» Бала өзінің атын айтады. Тәрбиеші баланың атын қайталап, қолынан ұстап, келесі балаға келеді, осылай барлық бала кезекпен бір - бірінің қолдарынан ұстап тәрбиешімен жүреді. Алдымен ойынға құштарланып тұрған балаларға барған жөн. Егер бір бала ойнағысы келмесе қинаудың қажеті жоқ. Олар ойынды бақылап отырып, ойынға қызығып өздері ойынға қосылады. Балалар үлкен шеңбер болады. Тәрбиеші, «қараңдаршы бізде қандай үлкен көпіршік сияқты шеңбер пайда болды! Қараңдаршы, біз қалай көппіз.- Ал енді кішкентай шеңбер жасаймыз». Балалар тәрбиешімен тығыз шеңбер жасап, көпіршікті үрлей бастайды.

Қуыршақпен ойнау. Материал-қуыршақ. Балаға сүйікті қуыршағын беріп сұрау, қуыршақтың басы, көзі, құлағы, аяғы, және т. б.


«Қу түлкі» ойыны. Ойнаушылар бір-бірінен бір қадам қашықтықта шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші бәрінің көз жұмуларын сұрайды. Балалар көздерін жұмады, ал тәрбиеші шеңберді айналып (балалардың артынан) шығады да, ойнаушылардың біреуін түртіп қалады да, сол бала қу түлкі болып саналады. Тәрбиеші содан соң балаларға көздерін аштырады да, жан-жақтарына ұқыпты қарауды, кімнің осылардың ішінде қу түлкі екендігін білдіріп қояр дейді. Ойнаушылар (аздаған баяу дауыспен) үш рет дауыстап, алдымен жайлап, содан соң даусын көтеріп: «Қу түлкі, сен қайдасың?» деп сұрайды. Бұл кезде бәрі бір-біріне қарайды. Ойнаушылардың бәрі (оның ішінде қу түлкі де) үшінші рет сұрайды. «Қу түлкі сен қайдасың?» деп сұрағанда қу түлкі шеңбердің ортасына тез шығып, қолын жоғары көтеріп: «Мен мұндамын!» деп дауыстайды. Ойнаушылардың бәрі алаң бойына жүгіріп жүреді, ал түлкі

оларды ұстайды ұсталған, яғни түлкі кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Мұнан кейін түлкі екі үш баланы ұстаған соң, тәрбиеші «Шеңберге» деп дауыстайды. Балалар қайтадан шеңбер жасап тұрады да, ойын қайталайды.

«Біз ойыншықтарды жинаймыз!» ойыны. Баланы ол ойнаған шашыраңқы ойыншықтарды жинауға көмектесуге шақырамыз. Баланың қасында отырыңыз, қолыңызға ойыншық беріңіз және онымен бірге қорапқа салыңыз. Содан кейін басқа ойыншық беріңіз және оны қорапқа өзіңіз салуды сұраңыз. Ойыншықтарды жинап жатқанда біз ойыншықтарды жинаймыз, ойыншықтарды жинаймыз! Тра-ла-ла, тра-ла-ла, біз оларды орнына қоямыз». Балабақшаға бейімделу – қалыпты жағдай. Ең бастысы, ата-ана баланың балабақшаға бейімделуіне өз ықпалы бар екенін түсінуі тиіс.

Әдебиеттер:

1. <https://kk.inditics.com/балаларды-балабақшаға-бейімдеу/>
2. <https://kaz.nur.kz/lady/2078471-balany-n-balabaqsaga-beiimdeluine-qalai-komektesuge-bolady-psixolog-kenesi/>
3. <https://multiurok.ru/files/balany-n-bobiekzhai-bak-shasy-na-bieiimdielui.html>
4. <https://emirsaba.org/fatima-bizaova-f-bizaova-psihologiyali-tzetu-damitu-jmisi-tara.>




ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ


МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ГОНЧАРЛЫ ШЕҢБЕРДЕ ҚҰМЫРАЛАР ЖАСАУҒА ҮЙРЕТУ АРҚЫЛЫ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ



Бимашева Гулбакыт Берикбаевна

Ақтөбе облысы, Білім беру басқармасының
Қобда ауданы білім бөлімінің
коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
Санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасының
тәрбиешісі

 **Аңдатпа.** Гончарлық өнер – бос уақытты қызықты өткізудің жолы ғана емес, ептілік пен еңбекке баулитын, ми бөліктерінің қызметін жақсартуға көмектесетін пайдалы әдіс. Сондықтан ғылыми мақала гончарлы шеңберге арналды. Дәлірек айтқанда, бұл еңбек мазмұнымен таныса отырып, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» аясында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балаларға саз балшықтан құмыралар, ыдыстар мен өзге де заттарды жасауды үйретудің маңызы жайлы ақпарат алуға болады.

 **Түйін сөздер:** саз балшық, гончарлы шеңбер, саусақ моторикасы, ұлттық құндылықтар, біртұтас тәрбие.

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың қыркүйек айының екінші жұлдызында жарияланған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында бірнеше бағдар бойынша атқарылуы тиіс жұмыстарға тоқталды. Аталған бағыттардың қай-қайсысы да халықтың кемелді келешегіне, өскелең ұрпақтың бақытты балалығы мен жарқын болашағына бастар қадамдар. Жасалған оң нәтижелі еңбектің жылдар бойы қызмет етуі ел аза-

маттарына айналар қазігі жас ұрпақтың қолында. Сондықтан аға буын қалдырған игі істердің құнын біліп, ізін жалғар ұл-қызды тәрбиелеу – білім саласының мамандарына жүктелер басты міндеттердің бірі.

Халқымыздың «тәрбие басы – тал бесік» деген мәтелі бекер емес. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, орта мектептер мен жоғары оқу орындары баланы жан-жақты дамытып, алғашқы еңбек және дене тәрбиесін қалыптастыруда үздіксіз, белсене ат-

салысады. Еңбекке баулу арқылы баланың бойына еңбекқорлық, ептілік, төзімділік сынды адами қасиеттер сіңірілетіні белгілі. Бұл мақсатта жыл сайын тәрбие бағдарламалары талдаудан өтіп, толықтырылып, жаңартылып отырады. Анығырақ айтқанда, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі дайындаған 2023-2025 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы». Бұл бағдарлама жоспарына сәйкес, әр айдың әр аптасына еңбекқорлық, білім, отбасы құндылығы, отансүйгіштік, әділеттілік пен жауапкершілік, бірлік пен ынтымақ, талап пен тәртіп, жаңашылдық пен жасампаздық, өнер, ар-намыс сынды тақырыптарды насихаттайтын қанатты дәйексөздер бекітілген. Еліміздегі балабақшалар мен мектептер тәрбие жұмыстарын осы дәйексөздерге сүйене жүзеге асыруда.

Білім беру мекемелерінің әрқайсысы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған бағдарламаға бағына отырып жұмыс істейді. Еліміздің балабақшаларының қызметтері «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына» негізделген. Көрсетілген үлгілік бағдарламаның «Мүсіндеу» ұйымдастырылғына іс-әрекетінің мазмұнында ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектер секілді әр түрлі материалдардан түрлі тәсілдер арқылы мүсіндеуге назар аударған. Сонымен қатар балабақша тәрбиеленушілерінің көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттырып, кескішті қолдану арқылы жасалған бұйымдарды безендіру қабілеттерін дамытады, қазақ халқының тұрмыстық бұйымдарымен таныстыра отырып, ұлттық оюларымыздың элементтерімен өрнектеуді үйретеді. Ескере кететіні – мүсіндеуге қауіпсіздік ережелерін естен шығармаған абзал.

Мүсіндеу өнерінде жұмыс істеуге ыңғайлы материалдардың бірі – саз балшық. Саз өнері халқымызға бұрыннан жақын: ертеде ата-бабамыз саздан құмыралар, басқа да ыдыс-аяқтарды жасап, мүсіндер соққан. Ғалымдардың зерттеуінше, еліміздегі мұндай қолөнер түрі сонау неолит дәуірінен басталады. Дәлел ретінде өткен ғасырдың 60 жылдарында Қарағанды облысынан табылған Ақтас саз балшық кен орнын алға тартады.

Қазіргі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде саз балшықпен жұмыс істеу бизнес көзі ретінде дамып жатыр. Себебі, қазақ халқының көне кәсібі бүгінгі таңда кейбіреулер бос уақытында айналысатын ермек көрсе, біреулер емдік қасиетке ие терапия ретінде қабылдап, тіпті қосымша үйірмелер ашылу-да. Әлеуметтік желілер мен Google жүйесін ашсаңыз, бірінен-бірі өтер арт-студиялар жарнамаларын көре аласыз. Бұл – мүсіндеу өнерінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына» дұрыс кіріктірілгендігінің айқын айғағы.

Ақтөбе облысының Қобда ауданында орналасқан «Нұр» балабақшасында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына» сүйене отырып, 2024-2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспар құрылып, бекітілді. Педагогтеріміз жоспарды іске асыруда балалардың түрлі әрекетін кіріктіру арқылы ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізуде, гончарда мүсіндеуді тиімді қолданады. Педагогтердің тәжірибесімен бөлісу үшін аудандағы мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне арналған «Гончарлы шеңбер» тақырыбында семинар өткіздік. Бұл семинардың мақсаты:

- тәрбиешілермен аудан көлемінде тәжірибе алмасу;
- ересек топ балаларының саусақ моторикасын дамыту;
- ұлттық құндылықтарды насихаттау;
- балаларды еңбекке баулу.

Неліктен мұндай мақсатқа тоқталғанымызды былай түсіндіруге болады:

- тәжірибе алмасу мектепке дейінгі білім беру мамандарының білімі мен біліктілігін арттырып, тәрбиелеу-білім беру үрдісінде жетістікке жетуге мүмкіндік береді.
- саусақ моторикасын дамыту әр саусақ ұшына іс-әрекет көмегімен массаж жасау арқылы адамның бас миында орналасқан сөйлеуге жауапты нүктелерге әсер етіп, баланың тілін жетілдіруге көмектеседі.

- ұлттық құндылықтарды бүлдіршін кезінен бала санасына сіңіру ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.
- балаларды балабақша жасынан еңбекке баулу адамның тұлғалық жеке қабілетін анықтауға, табиғатына тән еңбек кәсіпке бой бұруына көмектеседі, келешекте несібесін адал жолмен табуға тәрбиелейді.



Семинар барысында қатысушылар алжапқыш, гончарлы шеңберлер, саз балшық, гончарлық құрал-жабдықтар секілді барлық қажетті материалдармен қамтамасыз етілді. Тәрбиеші Бимашева Гүлбақыт Берікбайқызының нұсқаулығымен ұйымдастырылып, атқарылған әрекеттер келесідей кезеңдерден құралды:

1. жұмыс барысымен жалпылама таныстыру кезеңі;
2. қолды сулай отырып, гончарлы шеңбер көмегімен заттардың пішінін келтіру;
3. дайындалған құмыраларды кептіру;
4. жасалған құмыраларды әр түрлі өрнектермен безендіру.



Жүйелі жоспармен құрылған семинар көзделген мақсаттардан бөлек төмендегідей қосымша нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- балалар қызығушылық танытып, белсенділік көрсетті;
- тәрбиеленушілер мен әріптестер қиялдарына ерік беріп, қалаған мүсіндерін жасады;
- балалар көнеден келе жатқан ұлттық өнердің бар екенін білді;
- шыдамдылық пен сабырлық – мақсатқа жетудің кепілі екенін түсінді;
- балалар ептілікке икемделді;
- жоспарланған уақыт тиімді әрі қызықты өткізілді;
- топ мүшелері арасында жайлы жағдай мен достық қарым-қатынас нығайды;
- қатысушы педагогтер семинардың ұйымдастырылуы мен жүргізілуі барысына, нәтижесіне оң баға беріп, игі бастаманы өз тәжірибелеріне енгізіп, қолдану аясын кеңейту ойларын білдірді.


Қазіргі таңда психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар саны жылдан-жылға күрт өсуде. Ерекше білім біру қажеттілігі бар (ЕББҚ) балалармен жұмыс істеуде олармен ортақ мәмілеге келіп, көңілдері мен сенімдерінен шығу маңызды. Гончарлы шеңберде әртүрлі қолөнер бұйымдарын жасау осы санаттағы балалардың тілін дамытып қана қоймай, әлеуметтену процесіне, яғни қоғамға араласуына, еңбек дағдысын қалыптастыруға да көмектеседі.

Адамның дамуы тек көркем сөйлеу мен белсенді әрекеттерден тұрмайды, яғни әр жеке тұлғаның туа біткен табиғи қабілеті, өзіне ғана тән қыры болатынын ескерсек, кейбір жан қолөнерге бейім келеді. Осындай қырларының бірін ашуда гончарлық шеңбердің пайдасы көп дегім келеді. Бұл өнерді кішкентайынан меңгерген ұрпақ келешекте жеке ісін жүргізіп, тіпті халықаралық деңгейдегі көрмелерде ұлттық ою-өрнектермен безендірілген қыш құмыралар мен саз

балшықтардан жасалған бұйымдарды көрсетіп жатса, еліміздің абыройын асқақтатып, беделін биікке көтеруге қосқан үлесіміз болмақ.

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
2. Шевнина. И. Неолит дәуіріндегі Торғай тайпаларының қыш өндірісі = Гончарство неолитических племен Торгая = The pottery of the neolithic tribes of Torgay/; ред. кеңес: З. Самашев [ж. б.]... – Астана: [б. ж.], 2014. - 235 б.
3. Те. М. «Говорящая» глина // Казахстанская правда. - 2021. - 17 июня (№ 113). - С. 6.
4. Тауасарова, Д. Пішімінде мәні бар құмыралар// Дәстүр. - 2023. - № 4. - 68-69 б.
5. https://el.kz/ysh-myra_zhasau_-_k-neden_zhetken_m-ra_40500/
6. <https://syrboyi.kz/suhbat/dala-oenerin-kaesipke-ajnaldirghan-92674/>



МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ



Сагитова Салтанат Кузайфаевна
Астана қаласы № 45 «Самұрық»
балабақшасының әдіскері

Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін ұлттық құндылықтар арқылы дамыту қазіргі педагогиканың басым бағыттарының бірі болып табылады. Өйткені, балалардың ақыл - ой қасиеттері балалардың мектепте оқуға дайындығының қажетті шарттарының бірі.

Көбінесе зияткерлік қабілеттер өзіне тән қасиеттерді, айырмашылықтарды ажырата білуде, қиын жағдайларды түсінуде, сұрақтар қоюда, бақылауда көрінеді.

Бұл балабақшадағы ұйымдастырылған және дербес іс-әрекетінде баланың логикалық ойлауын, зейінін, байқауын, есте сақтау қабілетін және сөйлеуін қалыптастыруға бағытталған қабілеттер.

Әрбір жас тобында бұл жұмыс балалардың жас ерекшеліктеріне және мектепке дейінгі Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Қазіргі жаһандану дәуірінде тәрбиеленушілерді ұлттық құндылықтарымыздан алшақтатпай тәрбиелеу аса маңызды.

Балаларды қазақ халқының рухани құндылықтарымен таныстыру қарапайымнан басталады: бесік жырлары, қазақша әндер, ертегі, аңыздар және ұлттық өнер, әзілдер мен ұлттық ойындар.



Жас ұрпақты өз халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру, сөздік қорын молайту, адамгершілік қасиетін арттыру қазіргі қоғам талабы.

Ал баланың зияткерлік қабілетін дамытуда ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ақыл – ойы толық дамыған бала мектепте өзінің күшіне сенімді, жаңа ортада өзін жақсы сезінеді. Сондықтан балаларды мектепке дайындауда зейін, есте сақтау, ойлау қабілеті, елестету, сөздік қорын дамытуға көп көңіл бөлінеді.

Бастысы балалардың сөйлеуін дамыту, ауызекі сөйлеуге үйрету, үйренгенін күнделікті өмірде пайдалана білуге жаттықтырып отыру ісіне назар аударады. Сондықтан халық ауыз әдебиетінің маңызы зор. Өйткені, баланың айналадағы өмірді танып, білудегі басты жәрдемшісі – тіл болып табылады. Ал тілдің дамуы оның сана - сезімін, ой - өрісін жетіле түсуіне негіз болады. Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы, тілде әрбір халықтың ұлттық дәстүрінің, сана сезімін, ойлау тәсілінің, мінез - құлқының белгілері бейнеледі. Балалардың сөйлеуін дамыту барысында тілге деген құрметті қалыптастыра түсу қажет.

Бала үшін ойын - бұл өмір. Ойын - баланың өміріндегі ең күрделі және маңызды іс-әрекеттердің бірі. Ойын арқылы баланы танымдық және шығармашылық әрекетке қызығушылықтарын арттыра аламыз. Тақырыптық ойындар және ойдан шығарылған жағдайларды жасауды, қуыршақтарды ойлап тапқан тағамдармен тамақтандыруды қамтиды, олар байқауды, есте сақтауды және қиялды қажет етеді. Мүсіндеу, сурет салу қолдың қимылын және сұлулық сезімін дамытады.



Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын - сауықтардың бір түрі. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған.

Қазақтың көне жыр-дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Мәселен, «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» сияқты эпостық жырларда елін сүйген батырлардың, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген ер жігіттердің ең алдымен ұлттық ойындарда сайысқа түсіп, одан кейін көп кісі қатысқан ойын-сауықтарда өздерінің мергендік, палуандық, шабандоздық шеберліктерін көрсеткендері айтылады.

Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың еңбегімен, қарым – қатынасымен танысады. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық психологиялық процестері, сезімдері мен эмоциялары, ерік - жігер қасиеттері шыңдалады, мінез - құлықтары айқындала түседі.



Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, сондай-ақ тәрбиеші ойын барысында тілдің дыбыстық мәдениетінің барлық жақтарын жетілдіруге, сұраққа толық жауап беруге үйретеді.

Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді. Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек пен көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық -көк сандық», «Ақ сүйек», «Теңге алу» т.б. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, қарым - қатынас жасауға үйренеді. Ойын үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Ойындарды күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді.



Ертегілер балалардың қиялын дамытады, балалардың қиялына бай бейнені және ішкі мағынаны табуға көмектеседі. Ертегілердегі жарқын бейнелер балаларға жақсы есте қалады және көркем тілі, мимика, сөздер арқылы ертегі кейіпкерінің қимылдарын мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізуге көмектеседі. Олар театрландырылған, үстел үстіндегі театры, ойыншық, сюжетті-рөлді ойындар, драмалық қойылымдар арқылы іске асады. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде қазақ халқының ертегілерді әр жасында кең қолдану қажет. Ойын балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіруге тиімді нәтиже береді.

Әрбір тәрбиешіде зияткерлік қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойындардың кешені болу керек деп санаймын (Мысалы, ересек топқа арналған ойындар: «Неден жасалған», «Суретті таңда», «Жануарларды тап», «Көңілді жүк», «Эрудиттер сайысы», «Дұрыс жауабын тап», «Геометриялық пішіндерді керекті жерге қой», «Кім немен айналысады?», «Сөйлем құрастыру», «Артық сөзді алып тастау» және т.с.с.).

Берілген әр түрлі ойындарды қолдану іс-әрекеттің әсерлігін арттырып, балалардың шығармашылық жеке-дара дарындылығын, логикалық тұжырымдарын ұштастыруға, математикалық қабілеттерін дамытуға әкеледі.

Ұлттық мерекелер - әрбір халықтың осы күні жарқыратып, көрсететін мәдениет мен дәстүрлі ұлттық тағамдары болады. Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл


ауыл, ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алудан, тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғазып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын.

Баланы ұлттық мәдениет пен дәстүрге жақын таныстыру барысында мерекелерді атап өту үлкен рөл атқарады. Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелерді ұйымдастыру барысында балалар олардың ерекшеліктерімен, маңыздылығымен, ата-бабалар мен қазіргі батырлардың ерлік істерімен танысады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін ұлттық құндылықтар арқылы дамытуды сараптап көрдім. 3 жыл ішінде мониторинг нәтижесі бойынша танымдық көрсеткіштер бойынша балалардың қабілеттері айтарлықтай 12%-ға жақсарды. Ойын баланың танымдық қабілеттерін дамытып қана қоймай, сөздік қорын молайтуға, балалардың қарапайым түсініктерін қалыптастыруда қимыл - қозғалысын жетілдіруіне, әлеументтеңдіруге, мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі сапасын жоғарлатуына қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту Моделі;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы;
4. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы



ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ ПЕРЕДОВОЙ ОПЫТ

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері»
республикалық байқауының қорытындысы

БАС ЖҮЛДЕ



Леонова
Замира Гирихановна

Жетісу облысы, Текелі қаласы
№ 3 бөбекжай бақшасының әдіскері





I орын

**Сейтжапарова
Алима Мерекеевна**

Қызылорда қаласы
«Алпамыс» бөбекжай бақшасының
әдіскері



I орын

**Синявская
Елена Витальевна**


Рудный қаласы
№3 бөбекжай бақшасының әдіскері



I орын

**Даирова
Айгерим Аскаровна**

Тараз қаласы
№18 «Еркежан» бөбекжай-бақшасының
әдіскері





II орын

Капарова Эльвира Хамитовна

Атырау қаласы № 30 «Жұмбақ»
бөбекжай бақшасының әдіскері



II орын

Казиева Меруерт Алмасовна

Өскемен қаласы № 15 «Рахат»
бөбекжай бақшасының әдіскері



II орын

Адиева Асель Алдабергенқызы

Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы
«Ақерке» бөбекжайы бақшасының
әдіскері



II орын

Подвиженко Елена Владимировна

Павлодар облысы, Екібастұз қаласы
№6 көптілдікті дамыту орталығы
сәбилер бақшасының әдіскері





III орын

Шимбаева Вероника Станиславовна

Ақмола облысы, Аршалы ауданы
«Солнышко» бөбекжайының әдіскері



III орын

Умирова Оразкуль Бердибековна

Алматы қаласы №143 сөйлеу және тірек-қозғалыс аппаратының функциялары бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі арнайы ұйымының әдіскері



III орын

Тоқтамысова Айгуль Орынбаевна

Алматы облысы, Жамбыл ауданы
«Аққайың» бөбекжайының әдіскері



III орын

Мухиденова Жулдыз Амантаевна


Астана қаласы
№33 «Алтын дән» балабақшасының
әдіскері



**«Іскер әдіскер»
номинация иегері**

**Морозова
Любовь Александровна**

Қарағанды қаласы
«Айсұлу» бөбекжай бақшасының әдіскері



**«Іскер әдіскер»
номинация иегері**

**Малаева
Гулжан Абдировна**

Ақтөбе қаласы
№6 «Орман ертегі» бөбекжай бақшасының әдіскері



**«Көшбасшы әдіскер»
номинация иегері**

Дулатова Гулзира Ибрагимовна

Шымкент қаласы
№23 «Жеңіс» бөбекжай-бақшасының әдіскері



**«Көшбасшы әдіскер»
номинация иегері**

Кобланова Алима Реджеповна

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы
№46 «Балбұлақ» бөбекжайының әдіскері



**«Жаңашыл әдіскер»
номинация иегері**

Такирова Сауле Каирбековна

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы
«Балдәурен» бөбекжай бақшасының әдіскері



**«Жаңашыл әдіскер»
номинация иегері**

Туресаева Венера Булатовна

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы
№30 «Гүлдер» бөбекжайының әдіскері



**«Жаңашыл әдіскер»
номинация иегері**

**Альсеитова
Гульжазира Муратовна**

Абай облысы, Аягөз қаласы
№2 бөбекжай-балабақшасының әдіскері



ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!





www.irrd.kz

«Балаларды ерте дамыту институты» РММ
Астана қаласы, Түркістан 8/2
e-mail: rcdd_info@mail.ru